



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТИЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 5 (125) 2021

- Узнаете, какие изменения внесли в закон об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев опасных объектов. Краткий обзор и сравнительные таблицы помогут быстрее сориентироваться в новшествах и применить их в работе.
- Поймёте, можно ли допустить к работе специалиста, если в его удостоверении по БиОТ нет подписи и печати госинспектора.
- Разберётесь с новой редакцией Правил по защите персональных данных, чтобы не нарушить закон при передаче и обработке личной информации во время инструктажей, медосмотра и прочих мероприятий по охране труда.
- Қауіпті нысандар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңға қандай өзгерістер енгізілгенін білесіз. Қысқаша шолулар мен салыстырмалы кестелер кіргізілген жаңалықтарды тез бағдарлап, оларды жұмыс барысында қолдануға көмектеседі.
- Егер оның ЕҚЖЕҚ куәлігінде мемлекеттік инспектордың қолы мен мөрі болмаса, маманды жұмысқа жіберуге болатыны-болмайтынындағы жайында түсінік аласыз.
- Нұсқамалар, медициналық тексерулер мен еңбекті қорғау бойынша басқа да шаралар барысында жеке ақпаратты беру және өңдеу кезінде заңды бұзбау үшін Жеке деректерді қорғау ережелерінің жаңа редакциясымен таныса аласыз.

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfep.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- Можно ли уволить работницу, которая находится в декрете 11 лет подряд?



**ДЕМО-ДОСТУП
БЕСПЛАТНО
на 3 дня**

Получите годовой доступ
к справочной системе

«**ACTUALIS: Кадровое дело**»

тариф **VIP**

- 50 %

Период действия акции:
с 1 по 31 мая 2021 года

<https://vip-kadry.mcfr.kz/>

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:
Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеенко
email: otk@mcfr.kz

Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – А. Н. Мамиева
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcfr.kz

www.kadry.mcfr.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcfr.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантикеева

email: support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

• по online-заявке – www.kadry.mcfr.kz

• в редакции в отделе адресной подписки

• по каталогам (подписной индекс – 74315)

– «Казпочта»: почтовые отделения

– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны*

официально опубликованным версиям.

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcfr.kz,
info@mcfr.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан



Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

**Оспанқұлов
Төлеген Қапақұлы,**
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеу-
меттік қорғау министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау
және көші-қон комитеті
төрағасының орынбасары

**Оспанкулов
Төлеген Капакович,**
заместитель председателя
Комитета труда, социаль-
ной защиты и миграции
Министерства труда и соци-
альной защиты населения
Республики Казахстан

**Беккер
Владимир Робертович,**
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

**Беккер
Владимир Робертович,**
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

**Сәдуақасов
Нұрқан Олжабайұлы,**
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министр-
лігінің Тауарлар мен көр-
сетілген қызметтердің сапа-
сы мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

**Садвакасов
Нуркан Олжабаевич,**
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респуб-
лики Казахстан

**Құнанбаев
Нұрбек Сейітқамзаұлы**
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

**Кунанбаев
Нурбек Сейткамзинович,**
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»»



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ

МАМАННАН СҰРАҢЫЗ

ЕҚЖЕҚ жөніндегі куәлікте міндетті түрде мемлекеттік инспектордың қолы мен мөрі болуы тиіс пе

3

Егер дұрыс толтырылмаған болса, Нұсқаума журналын қайтадан қалпына келтіруге бола ма

4

Дәнекерлеушілерді аттестаттаудан қалай өткізуге болады

6

ЗАҢНАМАҒА ШОЛУ

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңда не өзгерді

9

07.07.2004 жылғы № 580 Заңға қандай өзгерістер енгізілді

13

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

16

САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАТИВТЕР

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

31

ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидалары жаңа редакцияда берілді

46

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ

СПРОСИТЕ СПЕЦИАЛИСТА

Должны ли в удостоверении по БиОТ обязательно присутствовать подпись и печать госинспектора

50

Можно ли восстановить журнал инструктажа, если его заполняли неправильно

51

Как проводят аттестацию сварщиков

53

ОБЗОР ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Что изменилось в законе о поддержке использования возобновляемых источников энергии

55

Какие изменения внесли в Закон от 07.07.2004 № 580

59

ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Утвердили технические удельные нормативы эмиссий

62

САНИТАРНЫЕ ПРАВИЛА И ГИГИЕНИЧЕСКИЕ НОРМАТИВЫ

Как проводить санитарно-противоэпидемические мероприятия в 2021 году

78

ЗАЩИТА ПРАВ

В новой редакции изложили Правила осуществления мер по защите персональных данных

94

ЕҚЖЕҚ жөніндегі куәлікте міндетті түрде мемлекеттік инспектордың қолы мен мөрі болуы тиіс пе

ТҚ инженері ЕҚЖЕҚ жөніндегі куәлікте мемлекеттік инспектордың қолы мен мөрі жоқ болғандықтан монтаждау және сервис жөніндегі шебердің жұмыс істеуіне рұқсат бермейді. Бұл – заңды ма?



Жауап беретін: Әшіров А. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, еңбек және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы

Сұраққа жауап беру үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019-бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдерінің талаптарын (*бұдан әрі мәтін бойынша – ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидалары*) қарастырамыз.

ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 2-тарауы **жұмыскерлерді** еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқытуды және білімдерін тексеруді жүргізу тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 3-тарауы **басшылар мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың** еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту мен білімін тексеруді жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

Білімін тексеруден сәтті өткен жұмыскерге Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімді, қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды тексеру жөніндегі куәлік беріледі (ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 17-т.).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан және білімін тексеруден өткен жауапты жұмыскерлерге қолданылу мерзімі үш жыл ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту ережелерінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша **сертификат** беріледі (ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 32-т.).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруді жұмыс берушінің бұйрығымен құрылатын, саны үш адамнан кем емес және ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 8-тармағында көзделген мамандар қатарынан комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұратын емтихан комиссиясы өткізеді (ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту ережелері 13-т.).

Сіздің сұрағыңыз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімді, ережелерді, нормалар мен нұсқаулықтарды тексеру бойынша куәлікті ресімдеудің дұрыстығына қатысты болғандықтан, ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының мазмұнына, сондай-ақ

ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларында белгіленген **куәліктің нысанына** сүйене отырып, онда еңбек жөніндегі **мемлекеттік инспектордың қолын қою қарастырылмаған** деп жауап беруі тиіспін.

Мәлімет үшін қосымша ақпарат ретінде, сұрақта баяндалған «ТҚ инженерінің» талабы ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 25-тармағының **күші жойылған** редакциясына негізделеді деген болжам ретінде мойындайтынымды хабарлағым келеді: *Емтихан комиссиясы төрағадан – мемлекеттік еңбек инспекторынан және комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының құрамына оқу орталығының басшысы, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының мамандары (келісім бойынша), сондай-ақ осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген мамандар қатарындағы адамдар кіреді.*

Ереженің қолданыстағы редакциясында емтихан комиссиясының құрамы бойынша талаптар ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 28-тармағында көрсетілген және келесі мазмұнға ие: *Емтихан комиссиясы төрағадан және комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының құрамына оқу орталығының басшысы, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының мамандары (келісім бойынша), жұмыскерлердің өкілі, сондай-ақ осы Қағидалардың 23-тармақта көрсетілген мамандар қатарындағы адамдар кіреді.*

Жоғарыда көрсетілген ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының емтихан комиссиясының төрағадан – мемлекеттік еңбек инспекторынан және комиссия мүшелерінен тұратындығы туралы талаптарының күші жойылғандықтан, мемлекеттік еңбек инспекторы емтихан комиссиясының төрағасы ретінде емтихан комиссиясы отырысының жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексеру жөніндегі хаттамасына және сертификатқа қол қоюға тиіс болатын. Енді бұл міндетті талап жоқ. Бірақ бұл **сертификатты** ресімдеуге қатысты болады. Сұрақта мәселе куәлікке қатысты көтерілген. Оған жауапты жоғарыда бердік.

Егер дұрыс толтырылмаған болса, Нұсқаума журналын қайтадан қалпына келтіруге бола ма

Кадр бөлімінің маманына еңбекті қорғау жөніндегі маманның жұмысы жүктелген. Сертификатты ол жақында ғана алды. Журналды тексеру барысында бұған дейін журналдың дұрыс толтырылмағаны анықталды. ЕҚ бойынша жаңа маман 2020 жылғы журналды қалпына келтіре ала ма, дегенмен ол сертификатты 2021 жылы ғана алса немесе соған қарамастан бұйрық шыққан күннен бастап ЕҚ үшін жауапты тұлға ретінде жалғастыра ала ма?



Жауап берген: Конисов Ж. А., «Tin One Mining» АҚ-ның өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженері

Сұрақтың мазмұнына келетін болсақ, қай журнал туралы сөз етілетіні мүлдем түсініксіз. Менің ойымша, бұл жерде әңгіме Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқаманы тіркеу журналына қатысты сияқты.

Жұмыскерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдері (*бұдан әрі мәтін бойынша – ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидалары*) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқаманы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі немесе ұйым бойынша бұйрықпен осы міндеттерді жүктеген адам жүргізеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқама біліміне, осы кәсіп немесе лауазым бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, жұмысқа жаңадан қабылданатын барлық жұмыскерлермен, уақытша жұмыскерлермен, іссапарға жіберілгендермен, өндірістік оқуға немесе практикаға келген оқушылар және студенттермен жүргізіледі. Кіріспе нұсқама еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ өндірістің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі әзірлеген және жұмыс беруші бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Кіріспе нұсқама еңбекті қорғау кабинетінде немесе арнайы жабдықталған үй-жайда оқытудың заманауи техникалық құралдары мен көрнекі құралдарын – үгітпарақтарды, заттай экспонаттарды, макеттерді, модельдерді, кинофильмдерді, диафильмдерді, бейнефильмдерді және т. б. пайдалана отырып жүргізіледі.

Кіріспе нұсқаманың өткізілгені туралы ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналына нұсқау беруші мен нұсқау алушының міндетті түрде қолы қойылған жазба жасалады.

Кіріспе нұсқаманы өткізу кезінде мыналар таныстырылады:

- кәсіпорын, ұйым туралы жалпы мәліметтермен, өндірістің өзіне тән ерекшеліктерімен;
- кәсіпорынның, ұйымның еңбек тәртібінің ережелері, ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік;
- кәсіпорындағы еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- еңбекті қорғау жағдайын ведомстволық, мемлекеттік қадағалау және қоғамдық бақылау;
- кәсіпорын аумағында, өндірістік және қосалқы үй-жайларда жұмыс істейтіндердің мінез-құлқының жалпы ережелері;
- негізгі цехтардың, қызметтердің, қосалқы үй-жайлардың орналасуы;
- осы өндіріске тән негізгі қауіпті және зиянды өндірістік факторлар;
- жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардың алдын алу әдістері мен құралдары: ұжымдық қорғаныс құралдары, плакаттар, қауіпсіздік белгілері, дабыл;
- электр жарақатының алдын алу бойынша негізгі талаптар;
- өндірістік санитария мен жеке гигиенаның негізгі талаптары;

- жеке қорғану құралдарымен;
- ЖҚЖ-н беру тәртібі мен нормалары, кию мерзімі және т. б.

Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналы жоғалған немесе журнал дұрыс жүргізілмеген және толтырылмаған жағдайда журналды қалпына келтіруді ұсынамыз. Бұл үшін:

- 1) ЕҚЖЕҚ бойынша оқыту қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтін жоғалту не толтыру туралы актіні жасайсыз;
- 2) журналды қайтадан қалпына келтіру туралы тиісті бұйрық шығаруға міндеттісіз;
- 3) журналды жаңадан бастайсыз;
- 4) жұмыскерлермен кіріспе нұсқаманы қайтадан өткізіп, ол туралы жаңа журналға жазбаларды жасайсыз.

Дәнекерлеушілерді аттестаттаудан қалай өткізуге болады

Дәнекерлеушілерді аттестаттауды кім және қалай жүргізеді, оны өткізу міндетті ме, оған кім бақылау жасайды және ол қандай НҚА бойынша реттеледі?



Жауап беретін: Әшіров А. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, еңбек және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы

Дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттауға Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 309 бұйрығымен (*бұдан әрі мәтін бойынша – талаптар*) бекітілген дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары қолданылады. Талаптарға Сәйкес:

1. Дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау олардың теориялық және практикалық даярлығының жеткіліктілігін анықтау, олардың білімі мен дағдыларын тексеру және дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарына қауіпті өндірістік объектілерде жұмыстарды орындау құқығын беру мақсатында жүргізіледі.

2. Қауіпті өндірістік объектілердің жабдықтарын дайындау, қайта құру, монтаждау және жөндеу жөніндегі жұмыстармен айналысатын дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау рәсімі былай анықталады:

- 1) дәнекерлеу өндірісі мамандарын кәсіптік даярлау деңгейлері бойынша;
 - 2) дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын оқытуға және арнайы даярлауға қойылатын талаптар бойынша;
 - 3) дәнекерлеушілерді аттестаттау тәртібіне сәйкес;
 - 4) дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау тәртібіне сәйкес;
 - 5) аттестаттау жүйесінің тізілімін жүргізу тәртібіне сәйкес.
3. Аттестаттау рәсімі **кәсіптік даярлықтың төрт деңгейін** қамтиды:

- I деңгей – аттестатталған дәнекерлеуші;
- II деңгей – аттестатталған мастер-дәнекерлеуші;
- III деңгей – аттестатталған технолог-дәнекерлеуші;
- IV деңгей – аттестатталған дәнекерлеуші инженер.

Деңгейді беру қолданыстағы аттестаттау жүйесі бойынша берілген біліктілік разрядының күшін жоймайды.

4. Аттестатталған дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандары олардың аттестациялық куәліктерінде көрсетілген қызмет түрлерін орындауға жіберіледі.

5. Аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысатын дәнекерлеу өндірісінің мамандары дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын даярлау және аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталады.

6. Аттестатталған ұйымдар мен олардың филиалдары аттестатталушы дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісі мамандарының білімі мен іскерлігін Талаптарға сәйкес оқытуды, тексеруді жүзеге асырады.

7. Дәнекерлеушілерді аттестаттау аттестатталған ұйымның немесе оның филиалдарының өндірістік базасында орындалады.

8. Аттестаттау емтихандарын қабылдауды аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады.

Аттестаттау комиссияларының құрамы аттестатталған ұйымдарда жұмыс істеу құқығына аттестаттаудан өткен кәсіби даярлықтың II, III және IV деңгейлеріндегі дәнекерлеу өндірісінің білікті мамандарынан және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспектордан (*бұдан әрі – емтихан алушылар*) құралады.

9. Аттестаттау комиссияларының құрамына мыналар кіреді:

1) дәнекерлеушілерді кәсіби даярлаудың I деңгейіне аттестаттау кезінде – кәсіби даярлаудың IV деңгейіндегі кемінде бір маман және кәсіби даярлаудың III немесе II деңгейіндегі екі маман;

2) мамандарды кәсіби даярлаудың II және III деңгейіне аттестаттау кезінде – кәсіби даярлаудың IV деңгейіндегі кемінде бір маман және кәсіби даярлаудың III деңгейіндегі екі маман;

3) мамандарды кәсіптік даярлаудың IV деңгейіне аттестаттау кезінде – кәсіптік даярлаудың IV деңгейіндегі кемінде үш маман.

10. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестатталатын дәнекерлеушілерді және дәнекерлеу өндірісінің мамандарын оқытуды (арнайы даярлауды) жүзеге асырған адамдар кірмейді.

11. Аттестатталған дәнекерлеушілерге және дәнекерлеу өндірісінің мамандарына берілетін аттестаттау куәліктері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

12. Кәсіптік даярлық деңгейін алуға үміткердің қойылатын Талаптардың 1-қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес білімі және кәсіптік даярлығы болады.

13. Дәнекерлеушілерді және дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау алдында «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына сәйкес келісілген бағдарламалар бойынша дайындық жүргізіледі. Бағдарламалар мамандардың кәсіби даярлық деңгейін және олардың өндірістік қызметінің бағыттарын ескере отырып жасалады және

дәнекерлеу жабдықтары, негізгі дәнекерлеу материалдары, дәнекерлеу технологиясы, дәнекерлеу қосылыстарының сапасын бақылау, дәнекерлеу қосылыстарының ақаулары және оларды түзету тәсілдері, дәнекерлеу жұмыстарын қауіпсіз орындау бойынша бөлімдерді қамтиды.

Комиссияның шешіміне қатысты бағдарлама бойынша дербес даярлықтан өткен және қойылатын Талаптардың 1-қосымшасының қоятын талаптарына сәйкес келетін дәнекерлеу өндірісінің мамандары аттестаттауға жіберіледі.


14. Аттестатталатын дәнекерлеушілердің және дәнекерлеу өндірісі мамандарының мамандығы бойынша өндірістік жұмыс өтіліне қойылатын талаптар 1-қосымшада көрсетілген.

Талаптармен өз бетінше мұқият түрде дұрыстап танысуға кеңес береміз, өйткені оларда мынадай мәліметтер келтірілген:

- дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау жүйесі туралы;
- дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын кәсіби даярлауға қойылатын талаптар жайында;
- дәнекерлеушілерді аттестаттауға қойылатын талаптар жөнінде;
- дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттауға қойылатын талаптар туралы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне Баптар бойынша практикалық түсіндірме (№ 2 шығарылым)»



Түсіндірме авторларының құрамына түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, тәжірибелі заңгерлер, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандары кірді.

Кітап барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлеріне, заңгерлерге, кадр қызметінің, еңбек құқығының мамандарына, ғалымдарға, оқытушыларға, заң және экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқыр-мандардың кең ауқымына арналған.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Баптар бойынша практикалық түсіндірме» кітабына тапсырыс беру үшін www.ppk.mcfr.kz сайтында өтінімді толтырып, ekd@mcfr.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы біле аласыз:

+7 (727) 323-62-13, 323-62-29

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңда не өзгерді

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы»

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңы (01.04.2021 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен)

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Заң) өзгерістер енгізілді. Көптеген өзгерістер қайталама энергия ресурстарына сілтеме қосуға қатысты. Біз оларды бұл мақалада бермейміз. Бұл Заңның кіріспесінде, Заңның мәтіні бойынша, сондай-ақ келесі мақалалардың атауларында көрініс тапқанын атап өту де жеткілікті:

– **7-1-бап** «Жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясын өндіруге, беруге және сатып алуға қатысушылардың міндеттері»;

– **9-бап** «Жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр және (немесе) жылу энергиясын сату кезінде қолдау».

Тиісінше, жоғарыда аталған баптардың кейбір тармақшалары мен тармақтарына «қайталама энергетикалық ресурстар» ұғымы қосылды. Біз олардың тізімін және оларды реттейтін жерлерді ғана көрсетеміз:

- **1-баптың 14) тармақшасында** – электр энергиясын тұтыну аймағы түсінігі;
- **7-1 бабының 1-тармағында** – су тасқыны электр энергиясының және объектілер берген электр энергиясының көлемі туралы мәліметтерді ай сайын беру міндеті;
- **7-1 бабының 6-тармағының бірінші абзацында** – жаңартылатын энергия көздерін, қайталама энергетикалық ресурстарды, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың міндеттері;
- **7-1 бабының 6-1 тармағында** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүйелік оператор берген электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының жұмыс режимдерін сақтау міндеті;
- **7-1 бабының 8-тармағында** – объектіде коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің болуы туралы талап;
- **Заңның 9-бабының 2-1 тармағында** – қаржы-есеп айырысу орталығы жүргізетін білікті шартты тұтынушыға электр энергиясының тиісті үлесін қайта есептеу және қайта бөлу.

Сонымен қатар басқа да маңызды өзгерістер бар. Нақты не өзгергенін егжей-тегжейлі қарастырайық. Салыстыруға ыңғайлы болу үшін біз барлық өзгерістерді «... дейін және ... кейін» форматында ұсынамыз.

Заңның 1-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл бапта Заңда қолданылатын негізгі түсініктерге сипаттамалар берілген.

Аталған баптың 1-3) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалды. Шын мәнінде, олар «жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы» деген ұғымды алып тастап, «қайталама энергия ресурстарын пайдалануға арналған қолданыстағы (2021 жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізілген) нысандар» деп толықтырды:

... дейін	... кейін
<p>басым шартты тұтынушылар – жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін, өндіріп шығарған электр энергиясын осы аталған тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не жасалған екіжақты шарттарға сәйкес уағдаласқан бағалар бойынша тұтынушыларға өткізетін тұлға немесе құрамына шартты тұтынушылар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлғалар тобы</p>	<p>басым шартты тұтынушылар – жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін, өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не жасалған екіжақты шарттарға сәйкес уағдаласқан бағалар бойынша тұтынушыларға өткізетін тұлға немесе құрамына шартты тұтынушылар және энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлғалар тобы</p>

Заңның 1-бабындағы келесі өзгерістер **үш жаңа ұғымның қосылуымен байланысты:** қайталама энергетикалық ресурстар; қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым; қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объект. Бірақ бұл сипаттамалардың 9-2), 9-3) және 9-4) тармақшаларда келтіргенін ескеру қажет. Бұрын аталған тармақшалар осы бапта болған және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым; резервтік қор; тасқындық электр энергиясы сияқты ұғымдарды белгілейтін. Енді соңғы сипаттамалар 9-5), 9-6) және 9-7) жаңа тармақшаларында берілген:

... дейін	... кейін
<p>Заңның 1-бабының 9-2), 9-3) және 9-4) тармақшалары: 9-2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – осы Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға; 9-3) резервтік қор – қаржы-есеп айырысу орталығы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнайы банктік шотта сақталады және шартты тұтынушылар тарапынан өздеріне</p>	<p>Заңның 1-бабының 9-2), 9-3) және 9-4) тармақшалары: 9-2) қайталама энергетикалық ресурстар – металлургиялық өндіріс процесінде жанама өнім ретінде түзілетін, электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ферроқорытпа, кокс және доменді газдарды қамтитын энергетикалық ресурстар; 9-3) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;</p>

<p>жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясы берілгені үшін төлем жасалмау немесе төлемді кідірту салдарынан туындайтын кассалық алшақтықтар мен қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешегін жабуға ғана пайдаланылады;</p> <p>9-4) тасқындық электр энергиясы – Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес көлемде Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес суды табиғат қорғау мақсатында ағызу кезеңінде энергия өндіруші ұйымдар (гидроэлектр станциялары) өндіретін және осы Заңда белгіленген тәртіппен электр энергиясына арналған шекті тариф бойынша қаржы-есеп айырысу орталығына өткізілетін электр энергиясы;</p> <p>Заңның 1-бабының 9-5), 9-6) және 9-7) тармақшалары – бұрын болмаған.</p>	<p>9-4) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және олармен өзара байланысты, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық жағынан қажетті және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы құрылысжайлар мен инфрақұрылым;</p> <p>Заңның 1-бабының 9-5), 9-6) және 9-7) тармақшалары:</p> <p>9-5) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – осы Заңға және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;</p> <p>9-6) резервтік қор – қаржы-есеп айырысу орталығы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнайы банктік шотта сақталады және шартты тұтынушылар тарапынан өздеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясы берілгені үшін төлем жасалмау немесе төлемді кідірту салдарынан туындайтын кассалық алшақтықтар мен қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешегін жабуға ғана пайдаланылады;</p> <p>9-7) тасқындық электр энергиясы – Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес көлемде Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес суды табиғат қорғау мақсатында ағызу кезеңінде энергия өндіруші ұйымдар (гидроэлектр станциялары) өндіретін және осы Заңда белгіленген тәртіппен электр энергиясына арналған шекті тариф бойынша қаржы-есеп айырысу орталығына өткізілетін электр энергиясы;</p>
--	---

Заңның 7-1-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. **Заңның 7-1-бабының 2-1-тармағы үшінші бөлікпен толықтырылды:**

... дейін	... кейін
<p>2-1. Басым шартты тұтынушылар осы баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, сондай-ақ 6, 6-1, 6-2 және 8-тармақтарында көзделген міндеттерді атқарады.</p> <p>Басым шартты тұтынушылар жыл сайын қаржы-есеп айырысу орталығымен үлгілік нысанға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясын және тасқындық электр энергиясын сатып алуға шарттар жасасуға міндетті.</p>	<p>2-1. Басым шартты тұтынушылар осы баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, сондай-ақ 6, 6-1, 6-2 және 8-тармақтарында көзделген міндеттерді атқарады.</p> <p>Басым шартты тұтынушылар жыл сайын қаржы-есеп айырысу орталығымен үлгілік нысанға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясын және тасқындық электр энергиясын сатып алуға шарттар жасасуға міндетті.</p> <p>Қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісін салу кезінде басым шартты тұтынушылар объект пайдалануға берілгенге дейін үш жүз алпыс бес күннен кешіктірмей уәкілетті органды және жүйелік операторды қайталама энергетикалық ресурстардың түрін, қуат көлемін және орналасқан жерін көрсете отырып, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісінің құрылысы туралы хабардар етеді.</p>

Жаңа 6-3 тармағы пайда болды:

«6-3. Қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі пайдалануға берілгеннен кейін қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым мен жүйелік оператор арасында он жыл бойы қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісінің белгіленген электр қуатының кемінде жиырма пайызын ұлғайтуға немесе азайтуға реттеу диапазонында жүйелік оператордың электр қуатын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді шарт жасасу жылының алдындағы күнтізбелік жыл үшін сатып алуының орташа өлшемді шарттық бағасына тең баға бойынша осы қызметтерді көрсетуге арналған шарт жыл сайын жасалады».

Заңның 9-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілді:

... дейін	... кейін
<p>2. Қаржы-есеп айырысу орталығы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды энергия өндіруші ұйымдар (гидроэлектр станциялары) өндіретін және желіге жіберетін тасқындық электр энергиясының көлемін ескере отырып, электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында олардың желіге жіберу үлесіне барабар бөледі.</p> <p>Бұл ретте, осы баптың 2-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, қаржы-есеп айырысу орталығы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды басым шартты тұтынушыға бөлмейді.</p>	<p>2. Қаржы-есеп айырысу орталығы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды энергия өндіруші ұйымдар (гидроэлектр станциялары) өндіретін және желіге жіберетін тасқындық электр энергиясының көлемін ескере отырып, электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында олардың желіге жіберу үлесіне барабар бөледі.</p> <p>Бұл ретте, осы баптың 2-1 және 2-2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қаржы-есеп айырысу орталығы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды басым шартты тұтынушыға бөлмейді.</p>

Сондай-ақ, **Заңның 9-бабына жаңа тармақ** – 2-2 тармақ қосылды. Ол келесі норманы белгілейді:

«Егер басым шартты тұтынушы қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісін пайдалануға берсе, оның электр энергиясының үлесі осы баптың 2-1-тармағына сәйкес есептеледі, бірақ ол 2020 жылы қаржы-есеп айырысу орталығына электр энергиясын сатуды жүзеге асырған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жасалған қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алу-сату шарттарының қолданылу мерзіміне 2020 жылы басым шартты тұтынушы мен басым шартты тұтынушының құрамына кірген шартты тұтынушылар қаржы-есеп айырысу орталығынан сатып алған электр энергиясының нақты көлеміне тең ең төмен шамадан аз болмайды.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, қаржы-есеп айырысу орталығынан сатып алуға жататын электр энергиясының ең төмен шамасы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жасалған қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алу-сату шарттары қолданысының тоқтатылуына қарай электр энергиясының тиісті көлеміне пропорционалды азайтылады».

07.07.2004 жылғы № 580 Заңға қандай өзгерістер енгізілді

«Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы»

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580 Заңы (2021.01.04 өзгерістер мен толықтырулармен)

«Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (*бұдан әрі мәтін бойынша – Заң*) өзгерістер енгізілді. Алдымен қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты **объектілердің иелеріне** кім жататынын еске түсірейік. Оларға меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа заңды негізде осындай объектіге ие жеке немесе заңды тұлғалар жатады. Заңның 1-бабының 4-тармақшасы).

Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің **азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндетін білдіреді. Тиісінше, өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірген адамдар үшінші тұлғалар болып есептеледі. Бірақ қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері **үшінші тұлға болып табылмайды**.

Заңда не өзгергенін қарастырайық:

1. Заңның 1-бабына өзгерістер енгізілді. Бұл мақалада Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар берілген. Оқыс оқиға және уәкілетті орган сияқты ұғымдар да өзгеріске ұшырады:

... дейін	... кейін
<p>Заңның 1-бабының 2) тармақшасы: оқыс оқиға (инцидент) – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың жұмыс істемей қалуы немесе бүлінуі, технологиялық процестердің режимнен ауытқуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы;</p> <p>Заңның 1-бабының 14) тармақшасы: уәкілетті орган – азаматтық қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган</p>	<p>Заңның 1-бабының 2) тармақшасы: оқыс оқиға (инцидент) – аварияға алып келмеген, қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың жұмыс істемей қалуы немесе бүлінуі, технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;</p> <p>Заңның 1-бабының 14) тармақшасы: уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган</p>

2. Сондай-ақ, «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер» **Заңының 5-бабына** да өзгерістер енгізілді. Жаңа редакцияда аталған баптың 1-тармағының екінші бөлігі және 2-тармағы келтірілген. Салыстыру үшін осы тармақтардың бұрынғы және жаңа редакциясын қоса береміз:

... дейін	... кейін
<p>Заңның 5-бабының 1-тармағы: 1. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациялануға жататын объектілер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер болып табылады. Уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы тіркелген объектілердің тізбесін өзінің интернет-ресурсына орналастырады немесе республикалық мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.</p> <p>Заңның 5-бабының 2-тармағы: Егер объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупін тоқтатса, онда сақтанушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторына немесе оны алмастыратын адамға өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы өтінішті және объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы сараптамалық қорытындыны ұсынады.</p>	<p>Заңның 5-бабының 1-тармағы: 1. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациялануға жататын объектілер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациялары тіркелген объектілер туралы мәліметтер уәкілетті органның интернет-ресурсында орналас-тырылады.</p> <p>Заңның 5-бабының 2-тармағы: Егер объект иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект уәкілетті орган бекіткен, қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатындарға жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келмесе, онда сақтанушы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат береді. Объектінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі объект иесіне объектілер иелерінің жауапкер-</p>

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы немесе оны алмастыратын адам сараптамалық қорытындыны қараудың негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы шешім қабылдайды не одан дәлелді түрде бас тартады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару сақтанушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте сақтандырушының сақтандыру қолданылған мерзім ішіндегі уақытқа бара-бар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.


шілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте сақтандырушының сақтандыру қолданылған мерзім ішіндегі уақытқа пропорционал сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.



Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.



ТЕГІН ІШІНАРА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ
www.vip-kadry.mcfr.kz
сайтында алуға
болады

ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

Жазылуды
8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны
немесе e-mail: callcentr@mcfr.kz
бойынша ресімдеуге болады

Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілді

«Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ла-стаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы №1-бұйрығы

Күшіне енді: 2021.26.01

Жалғасы. Басы № 4-санда, 2021

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2021 жылғы 11 қаңтардағы
№1-бұйрығына
2-қосымша

Ферроқорытпаларды өндіру кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері 1-тарау. Қолданылу саласы

1. Осы «Ферроқорытпаларды өндіру кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері» (бұдан әрі – нормативтер) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 26-3) тармақшасына және «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әрі Қазақстан Республикасындағы орнықты даму және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда алға қойылған қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі міндеттерді ескере отырып әзірленді.

2. Осы нормативтер пайдаланылатын шикізаттың типіне қарамастан, ферроқорытпаларды (феррохромды, ферросилицийді, ферросиликохромды және ферросиликомарганецті) металлургиялық өндіру кезінде қолданылады.

3. Осы нормативтер халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін ең озық қолжетімді технологияларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын металлургия өндірісінің жаңа, қолданыстағы және жаңғыртылатын процестеріне қолданылады.

4. Осы нормативтерді қолдану мақсаттары үшін сәйкестендірілген ферроқорытпалардың металлургиялық өндіріс процестеріндегі қауіпті факторларға (тәуекелдерге) шикізат пен материалдарды дайындау, сақтау және беру, ферроқорытпаларды балқыту, ме-

талды шығару және құю, пештерді қыздыруға немесе ұзақ тоқтап тұруға дайындау процестерінен эмиссиялар жатады.

5. Осы нормативтер қоршаған ортаға эмиссиялардың түзілуіне әсер ететін әрі негізгі, әрі қосалқы процестер ретінде қаралады.

Ферроқорытпаларды өндірудің негізгі процестеріне шикізатты дайындау, сақтау және беру, ферроқорытпаларды балқыту, металды шығару және құю, дайын өнімді дайындау, сақтау және тұтынушыға беру процестері жатады.

Әкімшілік-тұрмыстық корпустар, жөндеу, автокөлік, теміржол, монтаждау цехтары, бу және жылу өндіру жөніндегі цехтар, қойма шаруашылықтары, қалдықтарды орналас-тыру және сақтау учаскелері, су дайындау жөніндегі цехтар, зертханалар, жұмыспен жабдықтау бөлімдері көмекші және қосалқы өндіріс процестері болып табылады.

6. Нормативтер меншік нысандарына қарамастан, ферроқорытпаларды өндіру жөніндегі объектілердің жобалау құжаттамасын әзірлеумен, оларды салумен және пайдаланумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға арналған.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы нормативтерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ең озық қолжетімді технологиялар – қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдық;

2) зиянды заттар – адам организміне теріс әсер ететін заттар;

3) қалдықтарды есепке алу – қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамалары және олармен жұмыс істеу тәсілдері туралы ақпаратты жинау және беру жүйесі;

4) қалдықтарды қайта өңдеу – сұрыптауды қоса алғанда, қалдықтардан кейіннен тауарларды немесе өзге де өнімді өндіруде (дайындауда) пайдаланылатын шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды алуға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеуді жеңілдету, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында олардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер;

5) қалдықтардың түрі – шығу тегіне, қасиеттеріне және айналыс технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар, қалдықтар сыныптаушы негізінде айқындалатын қалдықтардың жиынтығы;

6) қалдықтарды орналастыру – өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму;

7) қалдықтарды сыныптау – қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіптілігіне сәйкес оларды деңгейлерге жатқызу тәртібі;

8) қалдықтармен жұмыс істеу – қалдықтар түзілуінің алдын алуды және оны барынша азайтуды, қалдықтарды есепке алу мен бақылауды, олардың жиналып қалуын, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды (жинап қоюды) және жоюды қоса алғанда, қалдықтарға байланысты қызмет түрлері;

9) қауіпті қалдықтар – бір немесе бірнеше қауіпті қасиеті (уыттылығы, жарылыс

қауіптілігі, радиоактивтілігі, өрт қауіптілігі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттарды қамтитын және қоршаған орта мен адамның денсаулығына өз бетінше немесе басқа заттармен байланысқа түскен кезде тікелей немесе әлеуетті қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар;

10) қож – әдетте, металлургиялық процестер кезінде сұйық металдың бетін жабатын ауыспалы құрамдағы металлургиялық балқыма;

11) қондырғының паспорты – пайдаланылатын технологияның сипаттамалары, қондырғының географиялық орналасқан жері және оның операторының қызмет түрлері туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

12) қоныстану аумағы – тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитариялық-қорғау аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бір бөлігі;

13) қоршаған ортаға эмиссиялар – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау;

14) қоршаған ортаға эмиссияларға арналған квота – нақты бір табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінетін қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттің бір бөлігі;

15) қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер – қоршаған ортаға эмиссиялардың белгілі бір мерзімге белгіленетін нормативтік көлемі;

16) қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі – нақты уақыт режимінде деректерді беру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн-байланысы бар, ластану көздеріндегі қоршаған ортаға эмиссияларды өндірістік экологиялық бақылау жүйесі;

17) қоршаған ортаны ластау – қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, дірілдердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

18) қоршаған ортаның апаттық ластануы – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде орын алған апаттан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға ағызу немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ тәрізді ластаушы заттардың жайылуы немесе иістердің, шулардың, дірілдің, радиацияның пайда болуы немесе электр магниттік, температуралық, жарықтық немесе өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер болып табылатын, осы уақыт үшін жол берілетін деңгейден асып кететін қоршаған ортаның кенеттен абайсызда ластануы;

19) қосалқы жабдық – материалдарды жинау, тасымалдау, отын дайындау, тозаңұстағыш, газ тазалау үшін пайдаланылатын қондырғылар, агрегаттар; автоматика, бұғаттаулар, бақылау және қорғау аспаптары мен құрылғылары, түтін мұржалары;

20) металлургиялық өндіріс процестері (металлургиялық процестер) – периодтық жүйенің элементтері мен олардың қорытпаларын алу процестері, сондай-ақ олардың химиялық қасиеттерін, құрылымы мен нысанын өзгерту процестері;

21) негізгі жабдық – электр доғалы пештер (ЭДП), тауарлық өнімнің қоймаларындағы, шикізатты дайындау цехтарындағы (ШДЦ) және қожды қайта өңдеу цехтарындағы (ҚҚЦ) жабдықтар, ұсатқыштар, вагонаударғыштар, таспалы конвейерлер;

22) отын – оны жағу кезінде жылу энергиясын алу мақсатында қолданылатын жанғыш заттар (қатты, сұйық немесе газ тәрізді);

23) санитариялық-қорғау аймағы- арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіптік ұйымдар мен елді мекендегі басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерін оларға қолайсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлардан бөліп тұратын аумақ;

24) табиғат пайдаланушы – табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

25) табиғи ресурстар-тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

26) табиғи ресурстарды қорғау – табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуға алып келетін ұтымсыз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтанданудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

27) технологиялық көрсеткіштер – ең озық қолжетімді технологиялардың талаптары ескеріле отырып белгіленетін ластаушы заттар мен қалдықтар шығарындыларының, төгінділерінің, сондай-ақ бірқатар жағдайларда ресурстарды тұтынудың көрсеткіштері;

28) түтінді (қайтпалы) газдар – отынның жануы және пеште технологиялық материалды күйдіру нәтижесінде түзілетін газдар;

29) түтін мұржасы – атмосфераға тазартылған түтін газдарының тартымын жасауға және оларды шығаруға арналған құрылысжай;

30) ферроқорытпа – болатты балқыту кезінде (сұйық металды қышқылсыздандыру және қоспалау, зиянды қоспаларды байланыстыру, металға талап етілетін құрылым мен қасиеттерді беру үшін), сондай-ақ басқа ферроқорытпаларды (қайта құйылған ферроқорытпаларды) алу кезінде пайдаланылатын кремниймен, марганецпен, хроммен және басқа да элементтермен темірдің қорытпасы болып табылатын металлургиялық өндірістің жартылай өнімі;

31) ферроқорытпа өндірісі процестерінің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қауіпсіздік) – адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде, қауіпті факторды іске асыру ықтималдығының ұштасуы мен оның зардаптарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруге байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы;

32) шикізат – өнімді (өнімдерді) алудың технологиялық процесінде пайдаланылатын кез келген қатты, ұсақталған немесе дайындалған материал;

33) шикіқұрам – бастапқы материалдардың, ал кейбір жағдайларда белгілі бір пропорциядағы отынның металлургиялық, химиялық және басқа да агрегаттарда қайта өңдеуге жататын қоспасы;

34) экологиялық қауіпті техника мен жабдық – шаруашылық немесе өзге де қызметте пайдаланылатын және қоршаған ортаға қауіп төндіретін тетіктер, машиналар, құрылыстар, аспаптар;

35) экологиялық қауіпті технологиялар – өндіріс процесінде жүзеге асырылатын және қоршаған ортаға қауіп төндіретін шикізатты, материалды немесе жартылай фабрикатты өңдеу, дайындау, жай-күйін, қасиеттерін, нысанын өзгерту әдістерінің жиынтығы;

36) экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсерді жүйелі түрде байқау және бағалау;

37) экологиялық тәуекел – белгілі бір факторлардың әсері салдарынан қоршаған орта және (немесе) табиғи объектілер жай-күйінің қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы;

38) эмиссиялардың нормативтері – солардың кезінде қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуы қамтамасыз етілетін жол берілетін эмиссиялардың көрсеткіштері;

39) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері – ел экономикасы үшін қолайлы шығындар кезінде оларды нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі негізге алына отырып айқындалатын, уақыт бірлігіндегі немесе шығарылатын өнімнің бір бірлігіне немесе басқа да көрсеткіштердегі қоршаған ортаға эмиссиялардың шамалары.

3-тарау. Қазақстан Республикасында өндірісті орналастыру шарттары

8. Қазақстан Республикасының аумағында негізгі жабдықты қауіпсіз пайдаланудың көзделген талаптары мен ферроқорытпаларды алудың металлургиялық процестері сақталған жағдайда, осы техникалық үлестік нормативтерде белгіленген нормалардан аспайтын қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін қамтамасыз ететін ферроқорытпалардың металлургиялық өндірісі орналастырылады.

9. Ферроқорытпаларды алудың технологиялық процесінде пайдаланылатын негізгі және қосалқы жабдықтың оны сәйкестендіруді қамтамасыз ететін, монтаждау схемаларын, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды қамтитын құжаттары, сондай-ақ жабдықтың өндірушінің ілеспе құжаттарына және осы нормативтерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар бар.

10. Негізгі және қосалқы жабдықтың өлшем құралдары Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген Өлшем құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және олардың бекітілген типке сәйкес келетінін растайтын құжаты бар.

4-тарау. Технологиялық процестің, жабдықтың және ферроқорытпаларды өндіру үшін тұтынылатын шикізат ресурстарының сипаттамасы

4.1-параграф. Негізгі өндірістің қысқаша сипаттамасы

11. Ферроқорытпалар өндірісінің мәні пештердің (электр балқыту, тазарту, кенді қалпына келтіру, шахталық типтегі электр пештері) жоғары температуралы аймақтарында кен материалдарын қалпына келтіргіш элементпен қалпына келтіруді білдіреді.

12. Ферроқорытпаларды балқыту мынадай жалпы схема бойынша жүргізіледі – шикізат материалдарын дайындау, материалдарды белгіленген арақатынаста мөлшерлеуге беру, материалдарды балқыту пештеріне беру, қажетті түржиынның қорытпасын балқыту, қорытпаны құю шөміштеріне шығару, қорытпаны құю, фракциялау, тұтынушыға тиеп-жөнелту. Феррохром өндірісінің түбегейлі технологиялық схемасы осы нормативтерге 1-қосымшада ұсынылған.

13. Шикіқұрамалық материалдарды дайындау және балқыту цехына беру мынадай бірнеше кезеңде жүргізіледі: кенді химиялық және фракциялық құрамы бойынша қоймалау; белгілі бір фракцияның кесегін алу мақсатында кенді ұсақтау және кейіннен себу, қажет болған кезде кен материалдарын араластыру, қысқы кезеңде қажет болған кезде кептіру пешінде ұсақ фракциялы кенді кептіру жүргізіледі.

14. Көміртекті қалпына келтіргіштерді дайындау және беру мынадай кезеңдерден тұрады: қалпына келтіргіштерді техникалық және фракциялық құрамы бойынша қоймалау; қажет болған кезде ұсақтау, себу, кептіру жүргізіледі.

Әрбір пеште шикі құрамалық бункерлер жабдықталады.

15. Шикіқұрамалық материалдар берілген арақатынаста мөлшерленеді және шикіқұрам қабатының астында немесе балқыма айнасының үстінде электр доғасы жанып тұратын электродтар ауданына шикіқұрамды беру құбырлары бойынша ферроқорытпа пешіне беріледі. Ферроқорытпаларды электродтар төң қабырғалы үшбұрыштың төбелері бойынша орналастырыла отырып, мынадай үш фазалық ашық/жабық стационарлық/көлбеу шахталық типтегі электр пештерінде балқытады:

- ферросиликохромды және ферросилицийді өндіру кезінде пештерде жоғары температуралардың әсерімен кварциттен кремнийді қалпына келтіру, темірді, хромды балқыту жүреді;
- ферросиликомарганецті өндіру кезінде пештерде жоғары температуралардың әсерімен марганецті, кремнийді, темірді қалпына келтіру жүреді;
- жоғары көміртекті феррохром өндірісі хром кенінің құрамындағы хром және темір тотықтарын қалпына келтіргіштің көміртегі арқылы қалпына келтіруге негізделеді, бұл ретте флюс ретінде кварциттің немесе құрамында кремний бар басқа да материалдардың еленділері пайдаланылады;
- орташа және төмен көміртекті феррохромды ферросиликохромның хром кенінің хром және темір тотықтарын қалпына келтіру арқылы силикотермиялық периодтық процесте балқытады, бұл ретте флюс ретінде әк пайдаланылады.

16. Пештің төменгі деңгейжиектерінде ферроқорытпаның жинақталуы жүреді, содан кейін ол мерзімді түрде бөлек немесе қожбен бірге құю шөміштері мен қож табақшаларына шығарылады, содан кейін қож ағызылады, ал металл құю машинасында құйылады. Пештерден балқыманы шығару арбаларға орнатылған қаптамаланған шөміштерге, болат қож табақшаларына не төселінетін бетке (төсекке) жүргізілуі мүмкін.

17. Металды құю процесінде ферроқорытпаның құймалары салқындатылады, қатайтылады, құймаларды қабылдауға арналған қораптарға қоймаланады. Бұл қораптар құймалар толығымен салқындағанша сақталып тұрады.

18. Тапсырыстарға сәйкес тиеп-жөнелтуге арналған дайын өнім партиясы қалыптастырылады, ол ұсақталады және қажетті фракцияға дейін себіледі.

Тауарды теміржол вагондарына/контейнерлерге тиеп-жөнелту үйіп немесе жұмсақ ыдысқа орау арқылы жүргізіледі. Тұтынушыға тиеп-жөнелтілгенге ферроқорытпа дейін дайын өнімнің жабық қоймаларында немесе арнайы алаңдарда сақталады.

4.2-параграф. Қосалқы өндірістің сипаттамасы

19. Қабылданған технологиялық процестерге сәйкес негізгі технологиялық процестер-

ді үздіксіз жүргізу үшін қажетті кәсіпорынның өндірістік цехтары мен бөлімшелері қосалқы өндірістердің жұмыстарын жүргізуді талап етеді, оларға мыналар жатады:

- кәсіпорынды ауыр техникамен, жеңіл автокөлікпен қамтамасыз ететін және зауыттың теміржол және автомобиль көлігінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін көлік цехы;
- зауыттың өндірістік ғимараттары мен құрылысжайларын жөндеу және күтіп ұстау, сондай-ақ зауыттың негізгі және қосалқы жабдықтарына ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын, электр және энергетикалық желілерді, электр және энергия жабдықтарын пайдаланумен және жөндеумен айналысатын жөндеу цехтары;
- кәсіпорынға келіп түсетін шикізаттың, материалдардың, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасын бақылайтын, бақылауға жататын атмосфералық ауаның ластану көздеріне өндірістік экологиялық мониторингті жүргізетін сондай-ақ санитариялық-қорғау аймағының шекарасындағы атмосфералық ауаның сапасын бақылайтын зертханалар;
- әкімшілік-тұрмыстық орынжайлар;
- шикізат және өзге де материалдарды орналастыруға және сақтауға арналған ашық және жабық үлгідегі қойма алаңдары;
- балқыту цехтарының жинақталған және ағымдағы қождарын қоса алғанда, ферроқорытпа өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу және орналастыру жөніндегі цехтар;
- газ тазарту құрылысжайының учаскелері зауыттың газ тазарту жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге арналған;
- бу мен жылуды өндіру жөніндегі цехтар;
- өртке қарсы қауіпсіздік жасағы кәсіпорында өрттерді сөндіруге, апаттарды жою және құтқару жұмыстары кезінде көмек көрсетуге арналған.

4.3-параграф. Шикізаттың, материалдар мен энергия ресурстарының шығысы

Негізгі өндіріс

20. Құрамында негізгі құрамдас бар тау-кен-байыту комбинатының кені ферроқорытпаларды өндіру үшін негізгі шикізат болып табылады.

21. Ферроқорытпалар өндірісінде кеннен бөлек, осы нормативтерге 2-қосымшада ұсынылған көмір, антрацит, кокс, әк және басқа да флюстеуші материалдар түріндегі қосымша шикізат ресурстары жұмсалады.

Шикізатты сақтау кенді, көмірді, коксты, кварцитті және басқа материалды қабылдау және түсіру үшін жабдықталған шикіқұрамалық материалдардың ашық немесе жабық қоймаларында жүргізіледі.

Шикіқұрамалық материалдарды дайындау және балқыту цехына беру мынадай бірнеше кезеңде жүргізіледі: кенді химиялық және фракциялық құрамы бойынша арнайы бөлінген орындарда қоймалау; белгілі бір фракцияның кесегін алу мақсатында кенді ұсақтау және кейіннен себу, қысқы кезеңде қажет болған кезде кептіру пешінде ұсақ фракциялы кенді кептіру жүргізіледі.

Цехқа беру кезінде кеннің белгілі бір фракциялық құрамы болады.

Көміртекті қалпына келтіргіштерді дайындау және беру мынадай кезеңдерден тұрады: қалпына келтіргіштерді техникалық және фракциялық құрамы бойынша қоймалау; қажет болған кезде ұсақтау және себу жүргізіледі.

22. Осы нормативтерге 2-қосымшада ұсынылған шикізат материалдарын тұтынудың үлестік деңгейлері анықтама ретінде қабылданған, осы нормативтерге 3-қосымшада көрсетілген сападағы өнімді шығару кезінде ферроқорытпаларды өндіру процесінің көрсеткіштерін сақтау шарттары үшін ұсынымдық болып табылады және өндірістік процесс барысында оларға өзгертулер енгізуге болады.

23. Шикізат материалдарын тұтыну деңгейлері мен олардың физикалық-химиялық көрсеткіштері өзгермейтін жағдайда, осы нормативтік техникалық салыстырмалы нормативтер кәсіпорын үшін мерзімсіз қолданылады.

24. Технологиялық процесс өзгермеген кезде осы нормативтердің 3-қосымшасында келтірілген өнімнің шығуы болжанады:

25. Қосалқы өндіріс. Кәсіпорында қосалқы өндірістер бойынша жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылатын материалдар әрбір өндірістің технологиялық процестеріне сәйкес мердігерлік ұйымдармен шарттық міндеттемелерге сәйкес сатып алынады.

5-тарау. Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген техникалық үлестік нормативтері

5.1-параграф. Қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін есептеу

26. Осы нормативтерде атмосфералық ауаға бөлінетін заттар бойынша да, өндірістік процестерді жүргізу кезінде кәсіпорынның түзілетін қалдықтары бойынша да мәндер келтірілген.

27. Шығарындылар мен түзілетін қалдықтар мөлшерінің 1 тоннаға үлестік көрсеткіштерінің шамалары қолданылатын өндіріс технологиясына, пайдаланылатын шикізатқа және осы нормативтерде келтірілген басқа да көрсеткіштерге тәуелді болады.

Бүкіл кәсіпорынның өнімділігіне қатысты эмиссиялардың үлестік көрсеткіштерінің шамалары тұтастай алғанда алынатын өнімнің 1 тоннасына арналған көрсеткіштерді негізге отырып айқындалады және мынадай формулалар бойынша есептеледі:

Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жылдық шығарындылары және кәсіпорында қалдықтардың түзілу көлемдерінің саны, $U_{ш,қ}$, тонна/жылына, мынаны құрайды

$$U_{ш,қ} = n_{ш,қ} * P$$

мұнда, $n_{ш,қ}$ – эмиссиялардың үлестік нормативтерінің көрсеткіші (ЛЗ шығарындылары, қалдықтар), тонна;

P – тұтастай алғанда кәсіпорын бойынша іс жүзіндегі өнімділік, тонна/жыл.

28. Осы нормативтердің 27-тармағында ұсынылған формула әрбір зиянды зат шығарындысының немесе осы кәсіпорыннан уақыт бірлігінде түзілетін қалдықтың массасын айқындау үшін және кейіннен алынған көрсеткіштерді белгіленген үлестік нормативтермен салыстыру үшін пайдаланылады.

29. Осы нормативтерде айқындалған эмиссиялардың үлестік нормативтеріне ең озық қолжетімді технологияларды енгізу есебінен қол жеткізіледі.

5.2-параграф. Атмосфералық ауаға эмиссияның техникалық үлестік нормативтері

30. Негізгі және қосалқы жабдықтың жұмысынан атмосфералық ауаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері тұтастай алғанда бүкіл кәсіпорынның әсерін ескере отырып, жұмыс істеп тұрған, жаңадан іске қосылатын және реконструкцияланатын қондырғылар үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының шекті мәндерін белгілейді.

31. Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар үшін осы нормативтерге 4-қосымшада көрсетілген атмосфералық ауаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

Балқыту процесінде ферроқорытпа газы пештердің «таза» газын жағу білтелерінде жағылады.

32. Кәсіпорын қызметінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың іс жүзіндегі жылдық шығарындысын айқындау үшін өндірістік жабдықтың жұмыс уақыты мен режимін, отынның, материалдардың жылдық шығысын негізге ала отырып, ластаудың барлық көздерінің (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) шығарындыларын ескеру қажет.

33. Көздерден шығарындылардың сапалық және сандық сипаттамалары Қазақстан Республикасында бекітілген атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын есептеу әдістемелеріне сәйкес теориялық әдіспен және аспаптық өлшемдер бойынша айқындалады.

34. Ферроқорытпаларды өндіру жөніндегі кәсіпорындарда шығарылған технологиялық газдар, желдету ауасы, аспирациялық жүйелердің газдары түзіледі және атмосфераға шығарылады.

35. Табиғи және мәжбүрлі желдетудің шығарындылары аэрациялық шамдар, құбырлар, ойықтар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

36. Технологиялық және аспирациялық газдар мен желдеткіш газдардың едәуір бөлігі қатты бөлшектерден тазартады.

37. Тозаңұстағыш қондырғылар ретінде газдарды қаралап, ақтап тазалауға және санитариялық қосымша тазалауға арналған әртүрлі аппараттар – суаруға су берусіз инерциялық типті циклондар, скрубберлер, электр сүзгілері, әртүрлі комбинациялардағы мата жеңқұбырлы сүзгілер немесе тазартуға ұшырайтын тозаң-газ ағындарының сипаттамаларына қарай басқа да түрлері пайдаланылуы мүмкін.

38. Жыл сайын кәсіпорында БГҚ тиімді жұмысы үшін профилактикалық жұмыстар, соның ішінде: пештердегі газ тазалау қондырғыларын жөндеу, аспирациялық және желдету жабдықтарын реконструкциялау, қондырғыларды (электр сүзгілерін, батареялық циклондарды, тозаң камераларын, газжолдарды) ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізеді.

5.3-параграф. Сарқынды сулар эмиссиясының техникалық үлестік нормативтері

39. Осы нормативте айқындалған ферроқорытпаларды өндіру процестеріндегі өндірістік сарқынды сулардың эмиссияларына жол берілмейді.

Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар үшін су айналымының тұйық циклі қарастырылады.

40. Технологиялық жүйелерді және пештерді салқындату жүйелерін сумен жабдықтау су айналымының тұйық жүйесін пайдалана отырып көзделеді. Технологиялық объектілерді сумен жабдықтау әрбір нақты жағдайда өндірістік технологиялық процестің ерекшеліктерін және апаттар мен жарылыс-өрт қауіпті өнімдердің қоршаған ортаға шығарындыларын ескере отырып жобаланады.

41. Технологиялық объектілердің кәріз жүйелері өндіріс жұмысының регламенттелген режимдері кезінде де, апаттық жағдайлар кезінде де түзілетін химиялық ластанған технологиялық, жуғыш және басқа да ағындыларды жоюды және тазартуды қамтамасыз етуге тиіс. Магистральдық желі осындай ағындыларды қабылдауға арналған жағдайларды қоспағанда, кәріздің магистральдық желісіне ағындыларды алдын ала тазартусыз ағызуға тыйым салынады.

5.4-параграф. Ферроқорытпалар өндірісінің қалдықтарын орналастыру кезіндегі эмиссияның техникалық үлестік нормативтері

42. Өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу және оларды орналастыру жөніндегі экологиялық талаптар экологиялық заңнаманың нормаларына сәйкес келеді.

Кәсіпорынның аумағында қоймаланатын өндіріс қалдықтарының экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтардың қауіптілік паспорты бар.

43. Бастапқы кендерді жиынтық өңдеу нәтижесінде ферроқорытпаны және қож түріндегі өндірістің өнеркәсіптік қатты қалдықтарын алады, олар технологиялық шешімдерге сәйкес арнайы көзделген жинақтағыштарда қоймаланады.

44. Өндірістік процестерде тозаңданған ауадағы қатты бөлшектерді аулау үшін әртүрлі қондырғылар пайдаланылады, оларда ұсталған бөлшектер жиналып, дымқыл тозаңұстағыштарда тозаң аулау кезінде пештердің газдан тазалау тозаңы, аспирациялық тозаң сияқты қалдықтар, ал шикіқұрамалық материалдарды өңдеу барысында шламдар түзіледі. Бұл қалдықтар жиналмайды және сақталмайды, түзілуіне қарай бірден қоймалау үшін арнайы жабдықталған жинақтағыштарға жіберіледі.

45. Кәсіпорынның қосалқы өндірісін қоса алғанда, кәсіпорында түзілетін қалған қауіпті қалдықтар арнайы жабдықталған орындарда сақталуға жатады немесе қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен және кәдеге жаратумен айналысатын бөгде ұйымдарға шарттық міндеттемелер бойынша беріледі.

46. Кәсіпорындар қалдықтар түзілген кезден бастап экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес олармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

47. Өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу және оларды орналастыру жөніндегі экологиялық талаптар экологиялық заңнама мен осы нормативтердің нормаларына сәйкес келеді.

48. Қоршаған ортаға қалдықтар эмиссияларының техникалық үлестік нормативтері одан әрі орналастыруға жататын негізгі және қосалқы өндірістен шыққан қалдықтардың түрлері үшін белгіленеді.

49. Жұмыс істеп тұрған, реконструкцияланатын және жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар үшін осы нормативтерге 5-қосымшада көрсетілген қалдықтарды қоршаған ортаға орналастырудың техникалық үлестік нормативтері орындалады.

5.5-параграф. Қоршаған ортаға физикалық әсерлер

50. Ферроқорытпаларды өндіру үшін негізгі және қосалқы жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаға физикалық әсер ету бойынша заңнамада белгіленген нормалар сақталады.

Физикалық ластану – бұл қоршаған ортаның физикалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты ластану. Қоршаған ортаның жылу, жарық, шу арқылы, электромагниттік, радиоактивті, радиациялық ластануы физикалық әсерлер болып табылады.

Өндірістік кәсіпорындардың дыбыс қысымының жол берілетін деңгейлері, дБ, (дыбыс қысымының баламалы деңгейлері, дБ) және дыбыстың ең жоғары деңгейі Адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

51. Жұмыс орындарында инфра- және ультрадыбыс, шу, жалпы немесе жергілікті діріл, иондаушы және иондамайтын сәулелену көзі болып табылатын жабдықтың ШРД-нен асып кетуіне жол берілмейді.

52. Өндірістік объектілерде өндірістік бақылау жүргізіледі, оны өндірістік немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады. Өндірістік объектілерде жүргізілетін өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпарат тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынылады.

53. Физикалық әсер ету көздері орналасқан жерлердегі жаңа және реконструкцияланатын объектілерде үй-жайлардың ішінде, жұмыс орындарында, сондай-ақ тұрғын үй құрылыстарын қоршайтын аумақта әсерлерді азайтуға бағытталған іс-шараларды көздеу қажет.

6-тарау. Ферроқорытпаларды өндіру кезінде бақылау жүргізу

54. Ферроқорытпаларды өндіруге байланысты өндірістік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар кәсіпорынды тиімді әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін әртүрлі бақылау түрлерін жүргізеді, соның ішіне кіріс шикізатын бақылау, технологиялық жабдықтың пайдаланылуын бақылау, экологиялық бақылау, жұмыс орындарындағы санитариялық-эпидемиялық бақылау кіреді.

55. Бұл жұмыстар технологиялық процестердің өтуін тұрақты түрде бақылауды қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, штаттан тыс жағдайларға жедел ден қою, өндірістің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

56. Шикізат материалдарының сапасын кіріс бақылау статистикалық бақылау болып табылады және жабдықтың жұмыс процесін уақтылы жоспарлауға мүмкіндік береді.

57. Өндірістік бақылаудың мақсаты объектіде санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында белгіленген талаптардың сақталуына өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және жүргізу арқылы өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету болып табылады.

58. Кәсіпорын халықтың денсаулығына теріс әсерді болғызбауға және қоршаған ортаны сақтауға бағытталған нормативтерді сақтау үшін өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі.

59. Өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаттары:

- 1) табиғат пайдаланушының экологиялық саясатына, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға ықтимал әсер ететін өндірістік процестерді реттеу құралдарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;
- 2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) табиғат пайдаланушының өндірістік процестерінің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін барынша азайту;
- 4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- 5) штаттан тыс жағдайларға жедел ескертпелі әрекет ету;
- 6) табиғат пайдаланушылардың басшылары мен жұмыскерлерінің экологиялық хабардар болу мен жауаптылығының анағұрлым жоғары деңгейін қалыптастыру;
- 7) кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халық денсаулығы үшін тәуекелдер туралы жұртшылыққа ақпарат беру болып табылады.
- 8) экологиялық талаптарға сәйкестік деңгейін арттыру;
- 9) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыру;
- 10) инвестициялау және кредиттеу кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алу.

60. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу тәртібі экологиялық заңнамада көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

61. Бақылау жүргізу және әртүрлі технологиялық процестерден өту кезінде жылдам ден қою мүмкіндігін арттыру үшін кәсіпорында барлық процестерді автоматты басқару мен байқаудың қазіргі заманғы жүйелері орнатылады.

7-тарау. Жалпы қауіпсіздік талаптары

62. Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әрі негізінен, әрі қосалқы процестер кезінде мынадай талаптар орындалады:

- 1) ферроқорытпаларды өндіру кезінде қолданылатын негізгі жабдық «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және онымен үндестірілген басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді;
- 2) қуатты (ауысымдық, тәуліктік, айлық, жылдық) есепке алынады;
- 3) негізгі жабдыққа арналған техникалық құжаттаманың жиынтығын (техникалық паспорт, пайдалану және жөндеу жөніндегі нұсқаулықтар, монтаждау схемалары, сызбалар) өзектілендірілген күйде ұсталады және ол жаңғыртылған немесе реконструкцияланған жағдайда оған өзгерістерді уақтылы енгізіледі;
- 4) негізгі жабдықтың газдан тазалау және оның шекті жай-күйі немесе істен шыққаны туралы құлақтандыру жүйелері бар.

63. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін шикізат пен материалдарды сақтау, дайындау және беру кезінде мыналар қамтамасыз етіледі:

- процестерді мамандандырылған алаңдарда және жабық орынжайларда жүзеге асыру;

- шикізатты бөлек сақтау;
- шикізат пен материалдарды түсіру және тасымалдау процестерін автоматтандыру және конвейерлерді, роторлы экскаваторларды, вагонаударғыштарды, грейферлік крандарды және вагондардың люктері арқылы түсіруді қолдану арқылы қамтамасыз ету;
- таспалы конвейерлерді пайдалану және оларға қызмет көрсету шарттарын сақтау;
- үздіксіз жұмыс істейтін салмақтық мөлшерлегіштер базасында шикіқұрамды мөлшерлеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесін қолдану;
- шикіқұрамалық материалдарды кешенді есепке алу жүйесінің болуы.

64. Ферроқорытпаларды балқыту кезінде мынадай технологиялық параметрлерді бақылау және сақтау қамтамасыз етіледі:

- пеш күмбезінің астында СО көміртегі оксиді құрамының деңгейі;
- пеш жабдықтарының жарамдылығы, белгіленген электр режимінің сақталуы және салғыштың жай-күйі;
- сол кезде пеш балқытылатын қорытпаның бір тоннасына электр энергиясының аз шығысы кезінде ең жоғары өнімділік беретін пеш жұмысының оңтайлы электр режимін сақтау (қуат, электр тоғы және кернеу);
- шикіқұрамның құрамдастары мен шикіқұрамалық материалдар габариттерінің оңтайлы арақатынасын сақтау;
- пештегі қалпына келтіргіштің ылғалдылық деңгейі;
- электродтардың тиісті ұзындығы және оларды шикіқұрамға батыру тереңдігі;
- жабық пештерге арналған газ режимі;
- салғышқа дұрыс қызмет көрсету;
- жинақталған қожды шығару үшін флюстеуші материалдарды пайдалану;
- металл мен қожды уақтылы шығару;
- газдан тазалау жүйесінің жұмысын бақылау;
- пештің элементтерін салқындатуға арналған судың шыққан кездегі температурасы 35 °С–40 °С болуға тиіс.

65. Металды шығару кезінде мынадай технологиялық параметрлерді бақылау және сақтау қамтамасыз етіледі:

- пештен қорытпаны шығарудың оңтайлы тұрақтылығын (жиілігін) және ұзақтығын сақтау;
- ағынөзек тесікті бөлшектеу шарттарын сақтау;
- қаптамалау ақаулығын немесе бұзылуын анықтау үшін әрбір құюдан кейін қаптаманың жай-күйіне, шөмішті қаптамалауға мұқият қарап-тексеру жүргізу.

66. Пешті ұзақ тоқтап тұруға және жылытуға дайындау кезінде газдан тазарту жүйелерінің жұмысын бақылауды күшейтіледі.

67. Мынадай технологиялық параметрлерге бақылау жүргізу қажет:

- электродтардағы масса деңгейін және электродтардың жұмыс ұшының ұзындығын;
- тоқтың жүктемесін азайту/көбейту графигін;
- пешті өшіру кезіне біржолғы қайта іске қосудың мөлшері мен санын қысқарту.

68. Ферроқорытпаларды өндіру кезінде қоршаған ортаға эмиссияларға осы нормативтерде белгіленген талаптарды қамтамасыз ету үшін мынадай шарттар орындалады:

- 17) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы орындалады;
- 18) белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертхананы тарта отырып, бекітілген кестеге сәйкес ферроқорытпаларды өндіру кезінде қоршаған ортаға эмиссияларды өлшеу жүргізіледі;
- 19) шикізат пен материалдарды түсіру және тиеу орындары аспирациялық қондырғылармен жабдықталады;
- 20) жақын маңдағы су айдындарын сүзу мен ластаудың алдын алу үшін шламжинағыштарды пайдалану және жаңаларын пайдалануға беру кезінде тоғандардың негіздері мен бөгеттерінде сүзуге қарсы қорғау қарастырылады;
- 21) жұмысының нәтижесінде эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері осы нормативтерде белгіленген нормалардан асатын жабдықты пайдалануға жол берілмейді;
- 22) негізгі шикізат пен өндіріс қалдықтарын қоймалау орындарындағы радиация деңгейі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген радиациялық қауіпсіздік нормаларынан аспайды;
- 23) ықтимал радиациялық қауіпі бар аймақтарда қызмет көрсетуші персонал жеке қорғану және дозиметрия құралдарымен жабдықталады;
- 24) қалқандарда, пульттер мен басқару панельдерінде орналасқан бақылау-өлшеу аспаптарын басқару, сигнал беру және қуаттандыру схемаларының оларда кернеудің бар екені туралы сигнал береді;
- 25) өндіріс процесінде жобада көзделген барлық негізгі ағынды-сорғылы және аспирациялық желдету қондырғыларының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі;
- 26) технологиялық процестердің жабдығы машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы заңнаманың талаптарына, Қазақстан Республикасында бекітілген басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес келеді;
- 27) ферроқорытпа өндірісінде пайдаланылатын негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтың оларды сәйкестендіруді қамтамасыз ететін және олардың қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкестігін куәландыратын құжаттары, сондай-ақ монтаждау схемаларын, пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды қамтитын өндірушінің ілеспе құжаттары бар;
- 28) жарылыс-өрт қауіпті және зиянды булармен, газдармен және тозаңмен жұмыс істеуге арналған технологиялық жабдық, аппараттар мен құбыржолдар саңылаусыз болып табылады, ал зиянды қалдықтар бөлінуі мүмкін орындарды толық қымтау мүмкін болмаған жағдайда осы құжатпен үндестірілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін жергілікті сорғыштармен жабдықталады;
- 29) өндірістік жабдықтың құрамдас бөліктері, оның ішінде энергетикалық құбыржолдар, табиғи газды, мазутты, ауаны, майды, суды беру жеңқұбырлары және электр кәбілдер оларға балқыманың ықтимал түсуінен қорғалған;
- 30) химиялық қайта өңдеу учаскелерінде бүкіл қолданылатын жабдық ең аз қарау люктері бар жабық түрде орындалады. Ыдыстық жабдық ондағы затқа қарай қойыртпақ пен ерітінділердің құйылуын болғызбайтын құю құбырларымен жабдықталады.
69. Әрбір негізгі жабдықта:
- жабдықтың жүктемесін (ауысымдық, тәуліктік, айлық, жылдық) есепке алу жүргізіледі;

- жабдықтың техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау, жоспарлы жөндеу (күрделі, ағымдағы) және мерзімді техникалық куәландыру, бірақ әрбір бес жылдан сиретпей жүргізіледі;
- белгілі бір жабдықты қауіпсіз пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес номиналды деректері бар тақтайшалар бекітіледі;
- негізгі жабдықты пайдалануды, жөндеуді және оған техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналды атқаратын лауазымына қойылатын талаптар көлемінде арнайы даярлау жүргізіледі;
- шығарындыларды тазартуға арналған құрылысжайларды, жабдықтар мен аппаратураны бір мезгілде реконструкцияламай, қоршаған ортаға үлестік эмиссиялардың ұлғаюымен қатар жүретін технологиялық жабдықтың өнімділігін арттыруға жол берілмейді.

70. Қоршаған орта жай-күйінің нашарлауына алып келген апат туындаған кезде экологиялық қызмет экологиялық заңнама талаптарының негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органға апат болу фактісін, күнін, туындау уақытын, себептерін және оны жою бойынша қабылданған шараларды көрсете отырып, кәсіпорын басшылығының қолы қойылған хат жібереді.

71. Кәсіпорын халықты, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің органдары мен мекемелерін апаттықапаттық жағдайлар, өндірістің тоқтатылуы туралы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін технологиялық процестердің бұзылуы туралы уақтылы ақпарат береді.

72. Кәсіпорынның барлық бөлімшелерінде қызмет көрсетуші персоналдың басшылығы үшін «Апаттарды жою жоспары» әзірленеді, онда туындаған апаттық жағдайлардың себептері мен салдарын жою үшін қызметкерлердің іс-қимылдары сипатталады.

8-тарау. Қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері

73. Осы нормативтер бекітілген кезден бастап жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар үшін осы нормативтің 4 және 5-қосымшаларында көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері орындалуға тиіс.

74. Жұмыс істеп тұрған және реконструкцияланатын кәсіпорындар үшін шекті жол берілетін эмиссиялардың және (немесе) қоршаған ортаға әсерді бағалау жобаларында өздеріне белгіленген нормативтерді кәсіпорын үшін бекітілген Ең озық қолжетімді технологияларға көшу бағдарламасында көрсетілген ең озық қолжетімді технологиялар енгізілгенге дейінгі мерзімде орындалады.

75. Ең озық қолжетімді технологиялар енгізілгеннен кейін кәсіпорындар осы нормативтерге 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген қоршаған ортаға эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін орындауға тиіс.

Жалғасы келесі нөмірде

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

«Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы (2021.11.01 өзгерістер мен толықтырулармен)

Күшіне енді: 2020.06.07

Окончание. Басы № 9, 10, 11, 12 сандарда, 2020; 1, 2, 3, 4, 2021

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
26-қосымша

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне
қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
13-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Балалар секцияларындағы сабақтар топта бір мезгілде 15-тен артық емес адамның қатысуымен жүргізіледі.

2. Медицина қызметкерінің балабақшаның барлық жұмыскерлеріне және балаларға күнделікті таңертеңгілік сүзгі өткізуі.

3. Жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) мен басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар персонал және балалар жіберілмейді.

4. Учаскелік педиатрдан денсаулық жағдайы туралы анықтамалары бар балаларды қабылдау (3 жұмыс күнінен артық болмаған жағдайда).

5. Балаларды мектепке дейінгі балалар ұйымдарына мынадай адамдардың алып жүруі жүзеге асырылмайды:

- COVID-19 расталған жағдайларымен байланысы бар;
- соңғы 14 күн ішінде жағдайлар тіркелген шет елден немесе өңірлерден келгендер;
- жіті респираторлық аурулардың белгілері бар адамдар.

6. Объектіде персонал мен келушілердің қолын өңдеу үшін қолжетімді орындарда тері санитайзері орнатылады.

7. Балалардың тамақ ішкенге дейін, көшеде серуендегеннен кейін, санитариялық

торапқа барғаннан кейін және басқа да ластану жағдайларында қолын уақтылы жууы (сұйық сабынды пайдалана отырып қолды жуу) үшін тәрбиешінің жеке жауапкершілігі.

8. Кейіннен желдете отырып, балалар болмаған кезде топтардың үй-жайларын зарарсыздандыруды (кварцтауды) қамтамасыз ету. Желдету режимін сақтау: балалар топта болған әрбір сағат сайын 15 минуттан кем емес желдету, топта балалар болмаған жағдайда тура желдету. Желдету балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілген кезде тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылады.

9. Топтарда дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, есіктің тұтқаларын, баспалдақ марштарының таяныштарын, горшоктарды, сантехника жабдықтарын екі рет өңдеу (топтық үй-жайларда балалар болмаған кезде дезинфекциялау құралдарды пайдалану).

10. Дене шынықтыру сабақтарын және басқа да топтық сабақтарды далада (жылы уақытта) өткізу. Ойындар үшін оқшауланған алаң болмаған жағдайда (тұрғын кешен құрамында орналастыру) серуендеуді шектеуді қамтамасыз ету.

11. Ұйықтайтын үй-жайларда балалар арасындағы қашықтықты ұйқы кезінде кемінде 1 метр қашықтықты сақтау.

12. Термометрлердің, дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, жеке қорғаныш құралдарының (бетперделер, қолғаптар) жеткілікті санының болуы.

13. Ауыз су режимін сақтау (бір рет қолданылатын стакандар).

14. Балабақшада эпидемияға қарсы режимді сақтау, эпидемияға қарсы режимді сақтау мониторингі мәселелері бойынша балабақша қызметкерлерімен күнделікті нұсқама жүргізуге жауапты адамды тағайындау.

15. Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген санитариялық-эпидемиялық талаптарды сақтау.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
27-қосымша

«Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне
қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
8-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде санаторлық-курорттық мақсаттағы объектілерге, демалыс үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Санаторлық-курорттық мақсаттағы объектілерде, демалыс үйлерінде эпидемияға қарсы күшейтілген режимді қамтамасыз ету мақсатында:

1) COVID-19 бойынша профилактикалық іс-шаралар қатаң сақталады;

2) персонал қашықтықтан жұмыс істеу нысанына барынша ауыстырылады және өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыс күнін барынша қысқартады;

3) санаторлық-курорттық ұйымдардың корпустарын толтыру жобалық қуаттан асырылмайды;

4) кіреберісте (ресепшн, күзет пункті) келушілердің дене температурасына бақылау жүргізіледі;

5) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасалады (карталар, телефондағы қосымша), емшараларды көрсету кезектерді құрмай жазу бойынша жүзеге асырылады;

6) адамдар көп жиналатын жерлерде, қозғалыс қарқындылығы байқалатын тіркеу орны (ресепшн) алдындағы еденге сигналдық белгі қою арқылы немесе шектеу бағандары арқылы әлеуметтік қашықтық аймағы анықталады. Дивандар, орындықтар қонақ аймақтарында өзара 1,5 метр арақашықтықта орнатылады;

7) аптасына 1 рет «санитариялық» күнді өткізу;

8) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға (температураны өлшеу, персоналға нұсқама беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, бетперделерді, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау және т. б.) жауапты адам тағайындалады;

9) мекемеде демалушыларға көлік қызметтерін көрсету (трансфер, экскурсиялар өткізу және т. б.) жүргізілетін жеке көлігі болған кезде. Бұл ретте жүргізушілер қолды өңдеуге арналған антисептикпен және оларды талап етілетін жиілікпен міндетті түрде ауыстыра отырып, қорғаныш құралдарымен (арнайы киім, бетперде және қолғаптар, бетке арналған бетперде) жабдықталады, сондай-ақ әрбір рейс алдында кейіннен желдете отырып автокөлік салонын дезинфекциялау;

10) әрбір келуші/клиент шыққаннан кейін дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, бөлмелерге күрделі тазалау жүргізу;

11) COVID 19-ға күдікті адамдарға арналған изолятор көзделеді (қонақтарға арналған үйлерден басқа).

2. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) персоналдың жұмыс орындарында тамақтануы жүзеге асырылмайды. Тамақ ішу арнайы бөлінген бөлмеде – тамақ ішу бөлмесінде жүзеге асырылады. Тамақ ішетін бөлме болмаған кезде дезинфекциялау құралдарының көмегімен күнделікті жинауды қамтамасыз ете отырып, қол жууға арналған шұңғылша бар (ыстық және суық су келтірілген) осы мақсаттар үшін үй-жай бөлу көзделеді;

2) «швед үстелі» типі бойынша тамақтануды ұйымдастыру жағдайында швед желісінде тағамдарды орналастыруды ортақ пайдаланылатын барлық орындарда демалушыларды ақпараттандыру жүйесін пайдалануды, сондай-ақ еденде сигналдық белгілеулерді салуды қоса алғанда, әлеуметтік қашықтық принципін сақтай отырып жүзеге асырады. Осындай талаптар тамақтандыруды тарату желісі принципі бойынша ұйымдастыруға да қойылады;

3) асханаларда демалушылар мен туристердің тамақтануын ұйымдастыру үстелдердің арасында 1 метрден кем емес қашықтық және 1 үстелге 1 адамнан асырмай отырғызу (демалуға және сауықтыруға келгендердің бір отбасының мүшелері болып табылатын немесе 1 нөмірде тұратын жағдайларды қоспағанда) және қонақтардың жиналуын болдырмайтын жағдайлар сақталған кезде жүзеге асырылады.

3. Санаторлық-курорттық мақсаттағы объектілердің, демалыс үйлерінің персоналы:
 - 1) жабық үй-жайларда медициналық бетперделерді міндетті түрде киюге;
 - 2) әлеуметтік қашықтықты сақтауға қойылатын талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді.
4. Ішкі қауіпсіздік қызметі мынадай сақтық шараларын қабылдай отырып, персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді:
 - 1) персоналдың санитайзерлерді ғимаратқа кіру және шығу кезінде пайдалануы;
 - 2) ғимарат ішіндегі адамдар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтауды бақылайды;
 - 3) ғимаратқа персонал жеке қорғаныш құралдарынсыз (медициналық бетпердесіз) кірмейді;
 - 4) ғимаратқа кіру кезінде персоналдың температурасын өлшейді, ғимаратқа жоғары температура мен ЖРВИ белгілері бар персоналды жібермейді. Симптомдар анықталған немесе пайда болған жағдайда әкімшілікті хабардар етеді.
5. Бөлімше басшылары басшылары төменде аталғандарды қамтамасыз етеді:
 - 1) персонал бір үй-жайда әлеуметтік қашықтықты сақтайтын жағдайларды; санаторлық-курорттық мекемелердің аумағында демалушылардың жеке қорғаныш құралдарын сатып алу мүмкіндігін;
 - 2) алдын ала тексеру жүргізе отырып (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысын, желдету режимін сақтауды;
 - 3) болмау себептерін анықтай отырып, персоналдың жұмысқа шығуының күн сайынғы мониторингін, ЖРВИ, тұмау және басқа да вирустық аурулармен ауыратындарға қағаз немесе электрондық тасығышта тіркей отырып, ерекше назар аударуды;
 - 4) жедел медициналық жәрдем бригадасы келгенге дейін температурасы жоғары және ЖРВИ белгілері бар персоналды оқшаулауды;
 - 5) персоналдың жеке гигиенасын сақтауға арналған жағдайларды (санитариялық тораптардың жұмыс істеуі, жуу құралдарымен, санитайзерлермен, қағаз сүлгілермен қамтамасыз ету);
 - 6) бір рет қолданылатын медициналық бетперделердің (жұмыс ауысымы мен бетперделерді ауыстыру ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет) немесе көп рет қолданылатын қорғаныш маскаларының (келесі қолдану алдында кейіннен жуу және термиялық өңдеу арқылы), сондай-ақ бір рет қолданылатын немесе көп рет қолданылатын қолғаптардың (ауысымына кемінде 2 рет ауыстыруға жататын және тұтастығы бұзылған кезде), қолды өңдеуге арналған дезинфекциялайтын сулықтар немесе тері антисептиктерінің азаймайтын қорын. Бір рет қолданылатын бетперделерді қайта пайдалануды болдырмауды. Пайдаланылған ЖҚҚ-ны шығару үшін арнайы бөлінген орындарда пакеттерге жинауды, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуды;
 - 7) қызметкерлер арасында:
 - қонақтар келген кезде немесе болған кезде арудың кез келген белгілері (жөтел, әлсіздік, жоғары температура және т. б.) байқалатын болса, ден қою жоспары туралы;
 - жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама өткізуді;
 - 8) қолды өңдеу үшін тері антисептиктерін орнату, коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша жаднамалар орналастыруды;

9) есептік қажеттілікке, ауданына және өңдеу жиілігіне қарай дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қорын.

6. Нөмір қоры қызметінің бастығы мыналарды қамтамасыз етеді:

1) персоналдың ұялы телефондарын, гаджеттерді, компьютерлік техниканы, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақшаларын), жиһазды, қол жууға арналған шұңғылшаларды, терезе алды, есік ойықтарын, қосқыштар мен розеткаларды, лифт батырмаларын міндетті түрде өңдеу арқылы күнделікті ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізуді қамтамасыз етеді. Кілем жабынын ылғалды жинау жуу химиялық құралдары бар кілем жуу машиналарымен орындалады, одан кейін кілемнің таза бетін шаю жүргізіледі. Дезинфекциялау үшін оларға қоса берілген нұсқаулықты қатаң сақтаған кезде вирусқа қарсы тиімділігі бар (әдістемелік нұсқауларға немесе нұсқаулыққа сәйкес), белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен құралдарды қолдануды;

2) ылғалды жинау және дезинфекциялау орнына қағаз тұсқағаздары бар нөмірлерде қабырғалар мен төбелерді құрғақ жинауды пайдалану, содан кейін оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес адамдар бар кезде қолдануға рұқсат етілген ауаны зарарсыздандыруға арналған жабдықпен өңдеу жүргізуді;

3) үй-жайларды және жабдықтардың жекелеген түрлерін (үстелдер, панельдер, есіктер, терезелер, еден) жуу және өңдеу үшін жеке шүберекті пайдалануды;

4) дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін арнайы бөлінген орында дайындау, өнім берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, затбелгідегі жарамдылық мерзімін көрсетіп сақтау. Ыдыстық затбелгі дезинфекциялау құралын сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталуын;

5) униформа, қолғап, медициналық бетперде сияқты жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып дезинфекция жүргізуді;

6) денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ адамдарды дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге жіберуді;

7) 15 минут ішінде күніне кемінде 2 рет желдетуді.

7. Қонақтарға арналған үйлердегі эпидемияға қарсы күшейтілген режимді қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік қамтамасыз ететін жайттар:

1) персоналдың жеке қорғаныш құралдарын (бетперделерді) киюін;

2) персоналдың температурасын қағаз немесе электрондық тасымалдағышта тіркей отырып, күн сайын өлшеуді. Температурасы жоғары және ЖРВИ белгілері бар персонал жұмысқа жіберілмейді.

3) персоналдың ұялы телефондарын, гаджеттерді, компьютерлік техниканы, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақшаларын), жиһазды, қол жууға арналған шұңғылшаларды, терезе алды, есік ойықтарын, қосқыштар мен розеткаларды міндетті түрде өңдеу арқылы күнделікті ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізуді, дезинфекциялау үшін оларға қоса берілген нұсқаулықты қатаң сақтаған кезде вирусқа қарсы тиімділігі бар (әдістемелік нұсқауларға немесе нұсқаулыққа сәйкес), белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен құралдарды қолдануды;

4) үй-жайларды және жабдықтардың жекелеген түрлерін (үстелдер, панельдер, есіктер, терезелер, еден) жуу мен өңдеуге жеке шүберекті пайдалануды;

5) дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін арнайы бөлінген орында дайындау, өнім берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, затбелгідегі жарамдылық мерзімін көрсетіп сақтауды;

6) униформа, қолғап, медициналық бетперде сияқты жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып дезинфекция жүргізуді;

7) денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ адамдарды дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге жіберуді;

8) бір рет қолданылатын медициналық бетперделердің (жұмыс ауысымы мен бетперделерді ауыстыру ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет) немесе көп рет қолданылатын қорғаныш маскаларының (келесі қолдану алдында кейіннен жуу және термиялық өңдеу арқылы), сондай-ақ бір рет қолданылатын немесе көп рет қолданылатын қолғаптардың (ауысымына кемінде 2 рет ауыстыруға жататын және тұтастығы бұзылған кезде), қолды өңдеуге арналған дезинфекциялайтын сулықтар немесе тері антисептиктерінің азаймайтын қорын; бір рет қолданылатын бетперделерді қайта пайдалануды болдырмауды. Пайдаланылған ЖҚҚ-н шығару үшін арнайы бөлінген орындарда пакеттерге жинауды, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуды;

9) көрінетін жерлерге қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерін, коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі жаднамаларды орнатуды;

10) есептік қажеттілікке, өңдеу ауданы мен жиілігіне қарай дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қорын;

11) COVID-19 кезінде жеке гигиенаны арттыру және қажетті шаралар мен іс-қимыл жоспарын іске асыру үшін персоналды мерзімді оқытуды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
28-қосымша

«Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне
қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
9-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде меншік нысанына қарамастан (мектеп жанындағы, қала сыртындағы) балаларды сауықтыру лагерьлерінің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Күн сайын жұмыс басталғанға дейін балаларды сауықтыру лагерінің (бұдан әрі – лагерь) персоналына жанаспайтын термометрия арқылы респираторлық аурулар белгілерінің бар-жоғына, оның ішінде отбасы мүшелерінде, шетелден келгендермен байланыстың болуына сауалнама жүргізіледі.

2. ЖРВИ және тұмау белгілері, сондай-ақ COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, өңтігу және т. б.) жоққа шығармайтын белгілері бар персонал жедел жәрдем келгенше оқшауланады.

3. Персоналды жұмысқа жіберу лагерь жұмысы басталғанға дейін 72 сағаттан кешіктірмей жүргізілген коронавирустық инфекцияға зертханалық зерттеуден кейін жүзеге асырылады. Тізімдер мен тексеру кестелерін лагерь әкімшілігі санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен бірлесіп жасайды.

4. Лагерьге кіру кезінде журналдарда нәтижелерді рәсімдеу арқылы әрбір балаға және алып жүретін ересектерге жанаспайтын термометрлермен термометрия жүргізіледі.

5. Лагерь аумағына бөгде адамдардың кіруіне және автокөліктің кіруіне жол берілмейді. Лагерь аумағына автокөлік кіру жабдықталған арнайы алаң (дезинфекциялық тосқауыл) арқылы жүзеге асырылады.

6. Тауарларды қойма үй-жайларына орналастырғанға дейін олардың қаптамасының сыртқы бетін дезинфекциялау құралдарымен сүрту жүргізіледі.

7. Балаларды қабылдауға, тамақ өнімдері мен тауарларды қабылдап-беруге қатысатын персонал жеке қорғаныш құралдарында (бетперделер, қолғаптар) болады.

8. Мектеп жанындағы лагерьлер мен қосымша білім беру объектілерін ашу карантин кезеңінде санитариялық қағидалар талаптары және санитариялық-эпидемияға қарсы талаптар қамтамасыз етіле отырып, коронавирустық инфекция бойынша қолайлы аумақтарда жүргізіледі.

9. Әр ауысым басталғанға дейін дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күрделі жинау жүргізіледі.

10. Ғимаратқа кіреберісте және асханаға кіру алдында және санитариялық тораптарда қолды өңдеуге арналған тері антисептиктері бар дозаторлар орнатылады.

11. Лагерьдің әкімшілігі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ауыз су режимінің ұйымдастырылуын, бір рет қолданылатын ыдыспен қамтамасыз етілуін және кулерлер мен дозаторларға өңдеудің жүргізілуін бақылауды;

2) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға (температураны өлшеу, персоналға нұсқама беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, бетперделерді, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау) жауапты адамды белгілеуді;

3) жанасатын беттерді, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын, жиһазды, қол жууға арналған шұңғылшаларды, терезе алды, есік ойықтарын, қосқыштар мен розеткаларды және т. б. міндетті түрде өңдей отырып, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды күнделікті ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізуді;

5) респираторлық аурулардың белгілері бар және дене температурасы жоғары балаларды заңды өкілдері (ата-аналары, қамқоршылары) немесе «жедел жәрдем» бригадасы келгенге дейін изоляторға немесе арнайы бөлінген үй-жайға дереу оқшаулауды;

6) есептік қажеттілікке, ауданына және өңдеу жиілігіне қарай дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қорын қамтамасыз етуді;

7) алдын ала тексеру жүргізе отырып (сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, желдету режимін сақтауды;

8) гигиеналық тәрбие, жеке гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі, профилактика шараларын сақтау, әлеуметтік қашықтық туралы ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізуді қамтамасыз етуді.

12. Үй-жайларды толассыз желдету балалар жоқ кезде жүргізіледі.

13. Тәулігіне бір рет (таңертеңгі немесе кешкі сағаттарда) ашық кеңістіктерді дезинфекциялау жүргізіледі.

14. Күркелер, орындықтар, ойын алаңдары, кіре берістердің жанындағы алаңдар, сыртқы есіктер, жанасатын қоршау конструкциялары, тұтқалар, урналар дезинфекциялауға жатады.

15. Дезинфекциялау үшін вирусқа қарсы тиімділігі бар құралдар қолданылады (әдістемелік нұсқауларға немесе нұсқаулыққа сәйкес).

16. Лагерьге инфекцияның әкелінуіне жол бермеу мақсатында:

1) ауысым жұмысы кезінде персоналды лагерьден тыс жерлерге ауыстыруға (оның ішінде қоса атқарылатын жұмысқа) жол берілмейді;

2) барлық балалардың лагерьге бір мезетте келуі (бір күнде), сондай-ақ ауысым арасында 2 күннен кем емес үзіліспен бір мезетте шығуы (қорытынды дезинфекция жүргізу үшін) жүзеге асырылады;

3) ауысым кезінде балалардың келген күнінен кейін балаларды қабылдауға және уақытша кетуіне жол берілмейді;

4) топтардың толуы жобалық қуаттың 50 %-нан аспауы тиіс;

5) әрбір балада келу кезінде денсаулық жағдайы туралы құжаттар (086/У нысаны) және инфекциялық аурулармен, оның ішінде COVID-19 бойынша байланыстың жоқтығы туралы анықтамалар болуы тиіс;

6) балалар саны есебінен медицина қызметкерлерінің (дәрігер және (немесе) мейіргер) тәулік бойы болуы қамтамасыз етіледі;

7) COVID-19 қаупі бар адамдар үшін изолятор жасақтау көзделген.

17. Лагерьде жағажай бар болған жағдайда жағажай жабдықтарын орналастыру (шезлонг, аяқ жуу, суға арналған кулерлер және т. б.) әлеуметтік қашықтықты есепке ала отырып, мүмкіндік бойынша сигналдық белгілерді салу, кіретін жерде әлеуметтік қашықтықты сақтау қажеттілігі туралы ақпаратты көрсете отырып жүргізіледі.

18. Балаларды тасымалдауға арналған автокөлік салоны (отырғызғанға дейін) дезинфекцияланып, кейіннен желдетіледі. Жүргізушілерді рейс алдында тексеру міндетті түрде термометрия және жол парағында нәтижелерді ресімдеу арқылы жүргізіледі, жүргізушілер мен еріп жүретін адамдар бетпердеде және қолғапта болады. Жүргізушілер қорғаныш құралдарымен (бетперделер, қолғаптар, антисептиктер) қамтамасыз етіледі.

19. Балаларды көліктің басқа түрлерімен (теміржол, авиа) тасымалдау кезінде ұйымдасқан топтарды бөтен адамдармен қарым-қатынастан барынша оқшаулауды қамтамасыз ету, алдын ала дайындалған маршруттар бойынша жеткізуді жүзеге асыру.

20. Қызметкерлердің жұмыс орындарында тамақ ішуі жүзеге асырылмайды, тамақ дезинфекциялау құралдарының көмегімен күнделікті жинауды қамтамасыз ете отырып, қол жууға арналған шұңғылшамен (ыстық және суық су келтірілген) жабдықталған арнайы бөлінген тамақ ішетін бөлмеде ғана қабылданады.

21. Балалардың бөлмелерде тамақтануы жүзеге асырылмайды.

22. Асханаларда балалардың тамақтануын ұйымдастыру үстелдердің арасында 1 метрден кем емес қашықтық сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

23. Балалардың жұмыс режимі мен бос уақытын ұйымдастыру отрядтарды барынша оқшаулау жағдайында (үйірмелер, қызығушылықтары бойынша сабақтар) жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
29-қосымша

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
7-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде ұйымдастыралған ұжымдардағы, ас блоктарындағы және сауда объектілеріндегі қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар 1-тарау. Жалпы ережелер

1. COVID-19 бойынша карантин кезінде объектілерде қағаз немесе электрондық тасығышта тіркеу арқылы күніне кемінде 3 рет жай-күйіне сауалнама жүргізу және термометрия жүргізу арқылы персоналды медициналық бақылау жүргізіледі.

2. Жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) және басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар персонал жұмысқа кіріспейді.

3. Персонал келушілермен жұмыс істеу кезінде пайдалану үшін бір рет қолданылатын медициналық бетперделер қорымен (жұмыс ауысымының ұзақтығы мен 2 сағатта 1 реттен кем емес бетперделердің ауысуын ескере отырып), сондай-ақ дезинфекциялау сулықтарымен, қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етіледі. Бір рет қолданылатын бетперделерді қайталап пайдалануға, сондай-ақ ылғалданған маскаларды пайдалануға жол берілмейді.

4. Объектіде келушілердің қолын өңдеуге арналған тері антисептиктері қарастырылады, олар көрінетін және қолжетімді орындарда орнатылады.

5. Бір рет қолданылатын ыдысты қолдану кезінде пайдаланылған бір рет қолданылатын ыдысты бір рет қолданылатын тығыз жабылатын пластикалық пакеттерге жинау жүргізіледі.

2-тарау. Үй-жайлардағы ауаны зарарсыздандыру

6. Объекті әкімшілігі ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және ауа баптау жүйелеріне (тазалау, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тексеру жүргізеді. Барлық үй-жайларды кемінде 15 минут күніне 3 рет жиілікпен желдету жүргізіледі.

Үй-жайлардағы ауаны зарарсыздандыру мақсатында күн сайын адамдар болған кезде (холлдар, тамақтану залдары) тәулік бойы қолдануға болатын жабық үлгідегі

ультракүлгін бактерицидті сәулелегіштерді немесе рециркуляторларды пайдаланылады. Рециркуляторларды орнату және саны дайындаушы зауыттың қолдану нұсқаулығына сәйкес есептеледі.

7. Желдету және ауаны баптау жүйелерін тазарту және дезинфекциялау жоспарлы профилактикалық жұмыстар кестесіне сәйкес жүргізіледі.

3-тарау. Үй-жайларды жинауға қойылатын талаптар

8. Залдарда күн сайын рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыстың барлық түрлерін ылғал өткізбейтін, бүтіндігі бұзылмаған қолғаптарда орындау керек.

9. Дезинфекциялау жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарында вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген дезинфекциялау құралдары мынадай жиілікпен қолданылады:

- тамақтану залының едендері, сауда сөрелері – күніне 2 рет таңертең және кешке;
- подностар, тамақ тарату лентасы, есік тұтқалары, касса аппараттары, банк терминалы – сағат сайын;
- қоғамдық санитариялық тораптар (еден, санитариялық-техникалық жабдықтар, соның ішінде крандардың шұралары, унитаз бактарының су ағызатын жері), таяныштар, лифт батырмалары – күніне 3 рет.

Жинауға арналған мүкәммал жинау жүргізілгеннен кейін міндетті түрде дезинфекциялауға жатады.

10. Дезинфекциялау үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізіліміне енгізілген құралдар қолданылады.

11. Дезинфекция жүргізген кезде препараттың нұсқаулығына сәйкес дезинфекциялау құралының экспозиция уақытын (яғни дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің өңделетін объектінің бетінде болу уақыты) және жұмыс ерітіндісінің шоғырлануын қатаң сақтау керек.

12. Өңдеуден кейін бетті сумен жуады және қағаз сүлгілердің немесе бір рет қолданылатын сулықтардың (шүберектер) көмегімен кептіреді. Дезинфекциялау құралын пайдалану регламенті жекелеген дезинфекциялау құралдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген, онда дезинфекциялау құралын экспозициясынан кейін жуу қажеттілігі немесе қажеттілігінің жоқтығы түсіндіріледі.

13. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) есіктердің тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтаққойғыштарын), тамақтанатын залға (асханаға) кіретін жердегі қол жууға арналған шұңғылшаларды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелерін дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сұрту арқылы дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды ылғалды жинауды жүргізеді.

14. Әрбір объектіде есепті қажеттілікке қарай шүберектің, жинау мүкәммалының, дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қоры жасалады.

15. Дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында балалардың қолы жетпейтін арнайы бөлінген құрғақ, салқын және қараңғыланған жерде, тығыз жауып сақтайды. Дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу кезіндегі сақтық шаралары және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек әрбір нақты дезинфекциялау құралдары үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

4-тарау. Ұйымдастырылған ұжымдардағы қоғамдық тамақтану объектілерінде жедел сипаттағы алдын алу шаралары

16. Үстелдердің, орындықтардың және өзге де мүкәммалдың орналасуын үстелдер мен келушілердің арасындағы арақашықтықты кемінде 1 метр қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізеді.

17. Тамақ өнімдерін асханаларда өткізуді кесілмеген көкөністер мен жемістерді қоспағанда, өлшеп-оралған түрде жүргізеді.

18. Сатып алушылардың өздері алатын нан-тоқаш, кондитерлік және өзге де өнімдерді сатуды тек оралған түрде жүзеге асырады.

19. Асхана жұмыскерлері (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланысы бар басқа да қызметкерлер) жұмысшыларға өз қызметтерін ауысымына кемінде екі рет және бүтіндігі бұзылған кезде ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғапты кию арқылы көрсетеді, персоналдың жұмыс кезінде бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалануы ұсынылады (бетперделерді ауыстыру 2 сағатта 1 реттен сиретпей).

20. Асханаларда өзіне-өзі қызмет көрсету түрі бойынша тарату жүргізілмейді.

21. Қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады немесе бір рет қолданылатын қолғаптар беруді қамтамасыз етеді.

22. Араларында кемінде 1 метр қашықтық сақтала отырып, 5 адамнан артық кезек құрылмайды, бір мезгілде қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектейді.

23. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) есіктердің тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтаққойғыштарын), тамақтанатын залға (асханаға) кіретін жердегі қол жууға арналған шұңғылшаларды, өзіне-өзі қызмет көрсету сөрелерін дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сүрту арқылы дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды желдету және ылғалды жинау жүргізіледі.

24. Күшейтілген дезинфекциялау режимін жүргізеді: әр сағат сайын арнайы дезинфекциялау құралдарымен үстелдер, орындықтар өңделеді.

25. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты жұмыскерлерді бекітеді.

5-тарау. Сауда объектілері

26. Объектіде дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып, әрбір 2–3 сағат сайын ылғалды жинау жүргізіледі.

27. Ғимаратқа кіреберісте қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

28. Осы қағидалардың талаптарына сәйкес үй-жайларда ауаны зарарсыздандыру және желдету жүргізіледі.

29. Ғимараттардағы ішке сору-сыртқа тарту желдеткішіне тексеру және тазалау жүргізіледі.

30. Әрбір 3 сағат сайын арнайы дезинфекциялау құралдарымен тоңазытқыштардың тұтқаларын, есіктерді, таразыларды, сөрелерді, витриналарды, себеттер мен арбаларды, сатып алушыларға арналған шкафтарды, едендерді, келушілердің қолымен жанасатын өзге де беттерді өңдейді.

31. Сатып алушымен жақын қарым-қатынасты азайту бойынша шаралар қабылдайды.

32. Келушілермен байланыста болатын сатушылар мен басқа да қызметкерлердің жұмысы тыныс алу органдарын қорғау құралдарында және қолғаппен жүзеге асырылады. Кассадан сатып алушыларға және кіре берісте COVID-19 алдын алу бойынша жад-намалар таратылады.

33. Жауапты адамдар санитариялық қағидалары талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ респираторлық аурулар белгілері бар, дене температурасы жоғары және соңғы 2 апта ішінде COVID ауруының жоғары деңгейі бар елдерден оралған адамдарды жұмысқа жібермеу мақсатында персоналмен жұмыс жүргізеді.

34. Көкөністер мен жемістерді қоспағанда, тамақ өнімдерін қабылдау, сату және сақтау тек өлшеп-оралған және буып-түйілген түрде жүзеге асырылады.

35. Объекті әкімшілігі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларды қамтамасыз ете отырып және тапсырыс берушімен тікелей (жақын) байланысты болдырмай, онлайн сатуға көшіру және үйге жеткізу арқылы тауарларға ақы төлеу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

36. Тамақ пен тауарлардың онлайн-саудасы және оларды байланыссыз жеткізу Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтану ұйымдарына арналған уақытша қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

37. Келушілердің сауда объектілерінің үй-жайларына кіруі медициналық бетпердемен, кезектер құрылған кезде – кезекпен, өткізу қабілетін ескере отырып, сатып алушылардың барлық кассалардың алдында 1 метр қашықтықты сақтай отырып, жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
30-қосымша

«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
10-қосымша

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде тамақ жеткізуді
жүзеге асыратын қоғамдық тамақтану ұйымдарына қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар
1-тарау. Жалпы талаптар**

1. Әрбір тапсырыс тағамның атауы, дайындалған күні мен сағаты көрсетіле отырып, тамақтану объектісінің есептік құжаттамасында тіркеледі.

2. Қоғамдық тамақтану ұйымынан тыс өткізуге арналған салат өнімдеріне, бірінші, екінші тағамдарға тұздықтар салуға жол берілмейді. Тағамға тұздықтар жеке тұтыну ыдысында, қаптамада жеткізіледі.

3. Өнімді жеткізу тамақ дайындау күні мен уақытын көрсете отырып, өнімнің екінші рет ластануын болдырмайтын бір рет қолданылатын ыдыста жүзеге асырылады.

4. Объектінің персоналы арнайы санитариялық киіммен (халаттар, орамал бас киімдері, шашқа арналған, сақалға арналған таңғыштар немесе торлар), сондай-ақ жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық бетперде, әрбір 2 сағат сайын ауыстырылатын бір рет қолданылатын қолғап), антисептикалық құралдармен және қол жууға арналған құралдармен қамтамасыз етіледі.

5. Өнімді жеткізушілер (курьерлер) жеке қорғаныш құралдарымен (медициналық бетперде, медициналық қолғап немесе әр 2 сағат сайын ауыстырылып, дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге жататын басқалары), антисептикалық құралдармен, бір рет қолданылатын ылғалды майлықтармен және сулықтармен қамтамасыз етіледі.

6. Көлік құралын өңдеу, желдету әрбір 2 сағат сайын және өнімді тасу егер салонда орындықтар мен қаптар өңделмейтін болса, жүк салғышта ғана жүргізіледі. Көлік құралы таза ұсталады.

7. Объектінің барлық үй-жайларында мақсатына қарамастан экспозициясы кемінде 30 мин бактерицидті шамдар пайдаланылады, әрбір 2 сағат сайын тоңазытқыш және технологиялық жабдықтарды өңдеу жүргізіледі. Персонал жұмыс орындарында қолғаппен жүреді.

8. Объектінің әкімшілігі персоналға күнделікті термометрияны ұйымдастырады. Ауысым аяқталғаннан кейін арнайы киім суға салынып өңделеді, арнайы киімді ауыстыру күн сайын жүргізіледі.

9. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кем дегенде 6 сағаттан кейін) үй-жайларды желдету және есік тұтқаларын, технологиялық жабдықтарды, үстелдерді, персонал мен келушілерге арналған санитариялық тораптарды дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сүрту жолымен дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинау, кварцтау жүргізіледі.

10. Өнімді жеткізу кезінде тұтынушымен байланыс барынша болмайды.

11. Жіті респираторлық инфекциялар (жоғары температура, жөтел, мұрынның бітелуі) белгілері бар персонал жұмысқа кіріспейді.

12. Персонал және өнім жеткізушілер өнімге түсіп кетуі мүмкін әшекейлерді (сақиналар, сағаттар, басқа да заттар) киюді жүзеге асырмайды, егер мұндай әшекейлерді шешу мүмкін болмаса, оларды бүтін, таза және санитариялық күйде ұстай алатын және өнімдерді, беттерді және буып-түю материалдарын ластанудан тиімді қорғайтын материалдың көмегімен оқшауланады.

13. Су өткізбейтін материалдан жасалған, бүтін және таза күйдегі қолғаптарды кию жүзеге асырылады.

2-тарау. Қолды қашан жуу және дезинфекциялау керек

16. Дененің жалаңаш бөліктерін, лас заттарды ұстағаннан кейін.

17. Жәтелуден, түшкіруден кейін, қол орамалын немесе бір рет қолданылатын сулықты пайдаланғаннан кейін.

18. Лас жабдықпен немесе ыдыспен жұмыс істегеннен кейін.

19. Өнімдермен тікелей жұмыс істеуге кірісу алдында.

20. Дәретханадан келгеннен кейін және өндірістік цехқа кіру алдында.

21. Тамақ жеткізуге тапсырыс алу алдында (курьерлерге, жеткізушілерге).

22. Клиенттерге тамақты жеткізуге кірісудің тікелей алдында қолғаптағы қол әрбір жеткізу алдында дезинфекцияланады.

31-қосымша күшін жойды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
32-қосымша

«Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
2-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, мемлекеттік органдарға (ұйымдарға), ұлттық компанияларға, басқа да кеңселерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Объектіге кіруге рұқсат:

- кіретін жерде (өткізу пункті) жұмыскерлердің дене температурасын бақылау;
- ауру белгілері жоқ қызметкерлер;
- кіреберісте, холлдарда, лифттерге кіреберісте, санитариялық тораптарда тері антисептигі бар санитайзерлер орнату.

2. Жұмыс процесін ұйымдастыру:

- санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты адамды анықтау (дене температурасын өлшеу, персоналға нұсқама беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәмалды өңдеу, үй-жайларды тазалау);
- мүмкіндігінше қызметтік автобуста/автокөлікпен жұмысқа және жұмыстан орталықтандырылған жеткізуді ұйымдастыру;
- санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептика) қамтамасыз ету;

- қолғаптарды, бетперделерді/респираторларды жұмыс күні ішінде оларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану;
 - қызметкерлер бір үй-жайда бір-бірінен 1 метрден кем емес қашықтықта болатын жағдайларды қамтамасыз ету (өлеуметтік қашықтықты сақтай отырып);
 - жұмыс орындарын антисептиктермен қамтамасыз ету;
 - жұмыскерлер арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқама жүргізу.
3. Аумақты және үй-жайларды күтіп ұстау:
- объектілердің аумағы мен барлық үй-жайлар таза ұсталады, күн сайын қоқыс пен ластан тазартылады;
 - барлық үй-жайларды жинау жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын ылғалды тәсілмен жүргізіледі және желдетіледі.
4. COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдай күрделенген кезеңде асханалар, буфет және дәретханалар күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жиналады.
5. Жиһазды, терезенің алдын, шкафтарды, есіктің тұтқаларын, компьютерлердің клавиатураларын (жиі жанасатын орындар) кемінде 2 рет дезинфекциялау құралымен сүртеді.
6. Дезинфекциялау жүргізу үшін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерінің бірыңғай тізіліміне енгізілген құралдар қолданылады.
7. Дезинфекциялау үшін вирусқа қарсы тиімділігі бар құралдар қолданылады.
8. Дезинфекциялау құралдары вирустық инфекциялар кезінде дезинфекциялау режимі көрсетілген оларға қоса берілген нұсқаулықтарды қатаң сақтаған кезде қолданылады.
9. Үй-жайларды және жабдықтардың жекелеген түрлерін (тамақтанатын үстелдер, ыдыс-аяқ, панельдер, есіктер, терезелер, еден) жуу және өңдеу үшін бөлек шүберек кезделеді.
10. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау арнайы бөлінген орында жүзеге асырылады. Дезинфекциялау құралдары өнім берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, заттаңбадағы жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып сақталады. Ыдыстың заттаңбасы дезинфекциялау құралын сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталады.
11. Дезинфекциялау құралдарын бөгде адамдарға беруге және оларды қараусыз қалдыруға жол берілмейді.
12. Беттерді дезинфекциялау үшін кейіннен жабатын қақпағы бар қоқыс контейнеріне кәдеге жарата отырып, бір рет қолданылатын сулықтарды (үстелдер, есік тұтқалары, күшкеткалар және т. б.) пайдалану керек.
13. Техникалық персонал (жинаушылар) дезинфекциялауды жеке қорғаныш құралдарын: халат, қолғап, медициналық бетперде пайдалана отырып жүргізеді.
14. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімі жоқ кәмелетке толған адамдар жіберіледі.
15. Жинау мүкаммалы (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсы жуылады және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

Дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидалары жаңа редакцияда берілді

«Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 909 қаулысы (2021.18.01 өзгерістер мен толықтырулармен)

Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Дербес деректер мен оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 26-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

2) дербес деректерді бұғаттау – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

3) дербес деректерді жинау – дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;

4) дербес деректерді жою – жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

5) дербес деректерді иесіздендіру – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

6) дербес деректерді қамтитын база (бұдан әрі – база) – ретке келтірілген дербес деректердің жиынтығы;

7) дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі) – дербес деректерді қамтитын базаны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;

8) дербес деректерді қамтитын базаның операторы (бұдан әрі – оператор) – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;

9) дербес деректерді қорғау – Заңда белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

10) дербес деректерді қорғау саласында уәкілетті орган – дербес деректерді қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

12) дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект) – дербес деректер тиесілі жеке тұлға;

13) жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын, оларға қол жеткізу субъектінің келісімімен еркін болып табылатын дербес деректер немесе мәліметтер;

14) қолжетімділігі шектеулі дербес деректер – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолжетімділігі шектелген дербес деректер;

15) үшінші тұлға – субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау бойынша олармен (онымен) мән-жайлар немесе құқық қатынастары арқылы байланысты болатын тұлға;

16) электрондық ақпараттық ресурстар – электрондық жеткізгіште және ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық-цифрлық нысандағы ақпарат.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар Заңға және «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібі

3. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға:

1) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алуды;

2) егер дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаса, дербес деректерге мұндай рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтауды;

3) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің қолайсыз салдарын барынша азайтуды қамтамасыз ететін дербес деректерді қорғау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4. Дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде оларға рұқсатсыз, оның ішінде кездейсоқ қол жеткізуге мүмкіндік беретін, нәтижесінде дербес деректерді жою, өзгерту, бұғаттау, көшіру, үшінші тұлғаларға рұқсатсыз беру, рұқсатсыз тарату орын алуы мүмкін шарттар мен факторлардың жиынтығы, сондай-ақ өзге де заңсыз іс-әрекеттер дербес деректердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер деп түсініледі.

5. Дербес деректерді қорғау:

1) жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясы құқықтарын іске асыру;

2) олардың тұтастығын және сақталуын қамтамасыз ету;

3) олардың құпиялылығын сақтау;

4) оларға қол жеткізу құқығын іске асыру;

5) оларды заңсыз жинаудың және өңдеудің алдын алу мақсатында шаралар кешенін,

оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

6. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттері дербес деректерді жинаған кезден бастап туындайды және олар жойылған не иесіздендірілген кезге дейін күшінде болады.

7. Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін:

- 1) дербес деректер қамтылған бизнес-процестерді бөлу;
- 2) дербес деректерді жалпыға қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі деп бөлу;
- 3) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын не оларға рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін айқындау;

4) егер меншік иесі және (немесе) оператор заңды тұлғалар болып табылған жағдайда, дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау. Дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның міндеттері Заңның 25-бабының 3-тармағында көрсетілген. Осы тармақтың 4) тармақшасының күші соттар қызметінде дербес деректерді өңдеуге қолданылмайды;

5) дербес деректерге ол жеткізудің тәртібін белгілеу қажет.

Ақпараттандыру объектілерінде дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде дербес деректерді жеткізгіштердің сақталуында қамтамасыз ету қажет.

8. Ақпараттандыру объектілерінде дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде оларды қорғаудың өзге ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

9. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді өңдеу кезінде меншік иесі және (немесе) оператор:

1) қолжетімділік шектеулі дербес деректерді өңдеу мақсаттарын белгілейді. Қолжетімділік шектелген дербес деректер декларацияланатын мақсаттарға сәйкес пайдаланылады;

2) қолжетімділік шектеулі дербес деректерді өңдеу, тарату және оларға қол жеткізу тәртібін айқындайды;

3) субъект өтініш берген кезде субъектіге қатысты қолжетімділік шектеулі дербес деректерді бұғаттау тәртібін айқындайды.

Қолжетімділік шектеулі дербес деректерді өңдеу кезінде меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға:

1) қолжетімділік шектеулі дербес деректерге рұқсаты бар адамдардың тізбесін айқындайды;

2) қолжетімділік шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізуге байланысты ақпараттық қауіпсіздік инциденттері туралы дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді;

3) қолжетімділік шектеулі дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын техникалық құралдарға ақпаратты қорғау құралдарын, бағдарламалық қамтылымның жаңартуларын орнатуды қамтамасыз етеді;

4) базаларды басқару жүйелерінің оқиғаларын журналдауды қамтамасыз етеді;

5) қолжетімділік шектеулі дербес деректерге рұқсаты бар пайдаланушылардың іс-қимылдарын журналдауды қамтамасыз етеді;

6) қолжетімділік шектеулі дербес деректердің тұтастығын бақылау құралдарын қолданады;

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қолжетімділік шектеулі дербес деректерді өзге тұлғаларға қорғалған байланыс арналары бойынша және (немесе) шифрлауды қолдана отырып және дербес деректер субъектісінің келісімі болған кезде беруді қамтамасыз етеді;

8) қолжетімділік шектеулі дербес деректер қамтылған бизнес-процестерді бөледі;

9) қолжетімділік шектеулі дербес деректердің сенімді сақталуын қамтамасыз ету үшін ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдануды қамтамасыз етеді;

